

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
ШЫРАҚБЕК ҚАБЫЛБАЕВ АТЫНДАҒЫ ҚОСТАНАЙ
АКАДЕМИЯСЫ**



СЫЗБАЛАР АЛЬБОМЫ

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ
ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫ БОЙЫНША**

ОҚУ ҚҰРАЛЫ

Алматы, 2022

ӘӨЖ 347.9 (574) (075.8)

КБЖ 67.410 (5Қаз) я73

А44

*ҚР ИМ Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының Ғылыми кеңесінде ұсынылған
(№12 хаттама, 30.05.2022)*

Пікір бергендер:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы
Қостанай академиясы Қылмыстық құқық және жазаны орындауды ұйымдастыру кафедрасының бастығы
PhD философия докторы, полиция полковнигі *Д. Амангельдиев*

«ПАРТНЕР» заң агенттігінің басшысы, Қостанай облысының «Заңгер» заң консультанттары
Палатасының заң консультанты *Д.К. Рахаделов*

Акылбекова А.Б., Бузаканова А.Б.

А44

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы бойынша сызбалар альбомы: оқу құралы - Алматы:
ADAL KITAP, 2022 – 144 бет.

ISBN 978-601-80906-3-9

Оқу құралында Қазақстан Республиканың азаматтық процестік құқығының барлық оқытылатын тақырыптары бойынша сызбалар бар, осы сызбалар бойынша білім алушыларға семинар сабақтарына дайындалып білімдерін толығымен бекітуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Шырақбек Қабылбаев атындағы Қостанай академиясының және жоғары оқу орындарының, сондай-ақ құқықтану мәселелеріне қызығушылық танытатын барлық білім алушылары мен оқырман қауымға арналған.

ӘӨЖ 347.9 (574) (075.8)

КБЖ 67.410 (5Қаз) я73

ISBN 978-601-80906-3-9

© Акылбекова А.Б., Бузаканова А.Б., 2022

© ADAL KITAP, 2022

КІРІСПЕ

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы – азаматтық істерді сотта қараудың және шешудің тәртібін, сондай-ақ соттардың және басқа да кейбір органдардың қаулыларын орындау тәртібін реттейтін құқық саласы.

Азаматтық процестік құқығы жоғары заң оқу орындарының негізгі іргелі оқу пәндерінің бірі болып табылады.

Бұл курсты оқудың мақсаты білім алушылардың азаматтық істер бойынша сот төрелігін іске асыру процесінде сот пен іске қатысушылар арасында туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейтін құқық нормаларының мәнін, құқықты қорғаудың сот нысанының басымдығын, құқық нормаларының олардың тәжірибелік қолданылуымен ажырамас байланысын, білім алушылардың құқықтық дүниетанымын, барлық негізгі процестік институттар мен ұғымдар туралы дұрыс түсінігін: азаматтық процестік құқық саласының мәнін, азаматтық процесті соттың сот төрелігін іске асыру жөніндегі қызметін.

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы бойынша сызбалар альбомы осы пәнді оқыту мақсатын жүзеге асыруға көмектеседі.


Осы оқу құралын оқу процесінде пайдалану білім алушыларға мемлекетіміздің азаматтық процестік құқығы бойынша алған білім көлемін неғұрлым берік бекітуге мүмкіндік береді.

Сызбалар альбомы аудиториялық семинарларға да, білім алушылардың өзіндік жұмыстарына да арналған.

№1 тақырып: Азаматтық процестік құқығының пәні, әдісі, жүйесі, салалары.
Азаматтық процестік құқығы туралы ғылым.

Қазақстан Республикасының азаматтық процестік құқығы - бұл азаматтық істер бойынша сот төрелігін іске асыру саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың жүйелендірілген жиынтығы.

Азаматтық процесс (азаматтық сот ісін жүргізу) — соттың, іске қатысатын адамдардың және сот ісін жүргізуге басқа да қатысушылардың азаматтық істерді мәні бойынша қарауға және шешуге байланысты азаматтық процестік құқық нормаларымен реттелген қызметі, сондай-ақ осындай қарау және шешу нәтижесінде қабылданған сот актілерін мәжбүрлеп орындату органдарының қызметі.



Азаматтық процестік құқығының пәні - бұл сот пен басқа субъектілер арасындағы қоғамдық қатынастар, сондай-ақ азаматтық іс жүргізу аясында құқықтық реттеуге ұшырайтын әрекеттер, яғни іс жүзінде заңды фактілер болып табылатын әрекеттер мен құқықтық қатынастарды атаймыз

Азаматтық процестік құқығының пәні мыналарды қамтиды:

Азаматтық сот ісін жүргізуде туындайтын
қоғамдық өзара
іс-қимыл

Соттың және басқа да субъектілердің, сондай-ақ
сот қаулыларын орындау органдарының кейбір
бөлігіндегі қызметі, функциялары, құқықтары,
міндеттері, өкілеттіктері


Азаматтық процестік құқығының әдісі - бұл құқықтық нормалар мен ережелердің нақты әлеуметтік қатынастарға әсер ету тәсілдер мен амалдардың жиынтығы.


Диспозитивтік әдіс
бұл қандай да бір әрекеттерді жасауды мүмкіндік беретін сипат.

құқықтық қатынастарға қатысушылардың заңды теңдігін болжайды. Сонымен, процеске қатысушы тұлғаларға бірдей процессуалдық құқықтар беріледі. Процестің пайда болуы мен дамуы, бір сатыдан екінші сатыға өту мүдделі тұлғалардың еркіне байланысты. Сот актілеріне шағымдану мүдделі тұлғалардың еркіне де байланысты.

Императивтік әдіс
бұл тыйым салу, міндеттеу және жазалауға негізделген жазбаша өкім әдісі.

бұл билік ұйғарымдарының әдісі; ол, ең алдымен, билік қатынастарына, сот пен процестің басқа қатысушылары арасындағы қатынастарға тән. Сот мәжбүрлеп орындатуға жататын билік шешімдерін қабылдайды.





Тараптардың өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін оларға берілген мүмкіндіктердегі теңдігі;

Процестің барлық қатысушыларының өз құқықтары мен мүдделерін қорғау үшін оларға берілген мүмкіндіктерді пайдалану еркіндігі. Азаматтық құқық субъектілері өз құқықтарын қорғау жөніндегі қатаң құқықтық кепілдіктерге ие бола отырып, оларды жүзеге асыру немесе жүзеге асырмау құқығында.


Азаматтық процестік құқығының жүйесі – бұл қоғамдық қатынастарды реттейтін азаматтық іс жүргізу нормаларының жиынтығы, кез келген жүйеде азаматтық іс жүргізу саласындағы қатынастарды реттейді; азаматтық процестік құқығының жүйесі екі бөлімнен тұрады – жалпы және ерекше.

ЖАЛПЫ

Жалпы бөлім – бұл азаматтық процестің барлық кезеңдерін қамтитын құқықтық нормалар мен институттар жүйесі

ЕРЕКШЕ

Азаматтық процестік құқығының ерекше бөлігі азаматтық процестің кезеңдеріне сәйкес келетін іс жүргізу қатынастарының белгілі бір түрлерін реттейтін арнайы институттарға біріктірілген нормалардан тұрады




Ерекше бөлімде қарастырылады:

- бірінші сатыдағы сотта іс жүргізу (бұйрық бойынша іс жүргізу; оңайлатылған іс жүргізу, талап қою ісін жүргізу; ерекше талап қою ісін жүргізу, ерекше іс жүргізу, жоғалған сот немесе атқарушылық іс жүргізуді қалпына келтіру жөніндегі іс жүргізу, Қазақстан Республикасының халықаралық шарты негізінде баланы қайтару туралы немесе балаға қатысты қол жеткізу құқықтарын жүзеге асыру туралы арыздарды қарау жөніндегі іс жүргізу).

- сот қаулыларын қайта қарау бойынша іс жүргізу (апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізу; кассациялық сатыдағы сотта іс жүргізу, жаңадан ашылған мән-жайлар, шешімдер, ұйғарымдар, заңды күшіне енген қаулылар бойынша қайта қарау бойынша іс жүргізу).





ҚР Азаматтық процестік құқығының ғылымы - бұл табиғат, қоғам және ойлау дамуының заңдылықтары туралы білім жүйесі, сондай-ақ осындай білімнің жеке саласы.


Азаматтық процестік құқығының ғылымы азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру туралы білім жүйесін білдіретін мемлекет және құқық туралы заң ғылымының құрамдас бөлігі болып табылады.

Зерттеу объектісі болып табылады:

өзінің статикасы мен динамикасындағы азаматтық процестік құқығы нормаларының жүйесі;

теориялық тұжырымдамалар, оның ішінде сот ісін жүргізуді азаматтық процестік реттеудің мәні, әдісі, жүйесі және құралдары;


соттың және азаматтық процеске өзге де қатысушылардың қызметі.



Азаматтық процестік құқығының ғылымында диалектика әдісі кеңінен қолданылады, бұл заңның осы саласын оның пайда болуы, қалыптасуы мен дамуы, оның ішінде басқа мемлекеттік-құқықтық және басқа да әлеуметтік құбылыстармен өзара әрекеттесуі мен байланысы тұрғысынан білуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар, азаматтық процестік ғылымы арнайы әдістерді қолданатынын атап өтілді.

**№2-3 тақырып: Азаматтық процестік құқығының қағидалары.
Азаматтық процестік құқықтық қатынастары.**

Азаматтық сот ісін жүргізу қағидааттары - бұл азаматтық процестік құқығының нормаларында бекітілген және ашылған азаматтық істер бойынша сот ісін жүргізуді жүзеге асыру мәселелері бойынша негізгі идеялар, ережелер, басшылық қағидааттар. **(ҚР АПҚ 5 бабы)**





**Азаматтық сот ісін жүргізу
қағидаттары (ҚР АПК 5 бабы)**

1. Заңдылық (ҚР АПК 6-бабы);
2. Сот төрелігін тек соттың жүзеге асыруы (ҚР АПК 7-бабы);
3. Тұлғаның құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін сотта қорғау (ҚР АПК 8-бабы);
4. Іске қатысатын адамдардың ар-намысы мен қадір-қасиетін, іскерлік беделін құрметтеу (ҚР АПК 9-бабы);
5. Жеке өмірге қол сұғылмаушылық. Хат жазысу, телефон арқылы сөйлесу, пошта, телеграф және өзге де хабарлар құпиясы (ҚР АПК 10-бабы);
6. Меншікке қол сұғылмаушылық (ҚР АПК 11-бабы);
7. Судьялардың тәуелсіздігі (ҚР АПК 12-бабы);
8. Жұрттың бәрінің заң мен сот алдындағы теңдігі (ҚР АПК 13-бабы);
9. Сот ісін жүргізу тілі (ҚР АПК 14-бабы);

10. Тараптардың жарыспалылығы мен тең құқықтылығы (ҚР АПК 15-бабы);
11. Дәлелдемелерді ішкі сенім бойынша бағалау (ҚР АПК 16-бабы);
12. Айғақтар беру міндетінен босату (ҚР АПК 17-бабы);
13. Білікті заң көмегіне құқықтарды қамтамасыз ету (ҚР АПК 18-бабы);
14. Сот талқылауының жариялылығы (ҚР АПК 19-бабы);
15. Сот отырысында қауіпсіздікті қамтамасыз ету (ҚР АПК 20-бабы);
16. Сот актілерінің міндеттілігі (ҚР АПК 21-бабы);
17. Сот актілеріне шағым жасау бостандығы (ҚР АПК 22-бабы).

Азаматтық процестік құқықтық қатынастары

бұл азаматтық процестік құқығының нормаларымен реттелетін қатынастар, олар соттар мен сот органдарының арасында - өздері де, процеске қатысушылар - азаматтар мен заңды тұлғалар арасында да туындайды.

**Азаматтық процестік
құқықтық
қатынастары келесі
белгілермен
сипатталады:**

Материалдық және материалдық емес игіліктер (заттар, құндылықтар, жұмыс, қызметтер, ақпарат және т. б.) бойынша дауларды қарауға және шешуге байланысты туындайтын процестік құқықтық қатынастар объектілерінің көптігі;

Құқық қолдану сипаты бар;

Құқықтық сипатта болады, азаматтық процестік құқығы нормаларының негізінде туындайды және нақты іс бойынша азаматтық процестік қатынастарының туындауының қажетті алғы шарты болып табылады;


Олар қарым-қатынастың үстемдік сипатына ие. Процессуалдық қатынастардың субъектілері тең емес, сот мемлекет органы ретінде құқықтық қатынастардың қалған қатысушыларына (талапкер, жауапкер, үшінші тұлғалар және т. б.) қатысты үлкен өкілеттіктерге ие;

Олар белгілі бір субъектілердің (талапкер, прокурор, куәгер және т. б.) еркі мен бастамасы бойынша жеке және саналы түрде көрінетін қарым-қатынастың ерікті сипатына ие.;

Азаматтық процестік құқықтық қатынастарының субъектілері (азаматтар, заңды тұлғалар, мемлекет, оның органдары) олардың құқықтары мен міндеттерінің өзара байланысының кең ауқымы болуы.







№ 4 тақырып: Іске қатысатын адамдар

Іске қатысатын адамдар

бұл процестің нәтижесіне дербес заңды мүддесі бар (жеке немесе қоғамдық), процесте өз атынан әрекет ететін, сот шешімінің заңды күші қолданылатын процестің пайда болуына, дамуына және аяқталуына бағытталған іс жүргізу әрекеттерін жасауға құқығы бар процеске қатысушылар
(ҚР АПК 5 тарау)

жеке (субъективті) мүддесі бар тұлғалар

материалдық-құқықтық және
процедуралық. Оларға тараптар,
үшінші тұлғалар, өтініш берушілер
және ерекше іс жүргізу істері
жөніндегі мүдделі тұлғалар жатады.

мемлекеттік немесе қоғамдық мүддесі бар адамдар

яғни, тек іс жүргізу мүддесі бар
адамдар (прокурор, мемлекеттік
органдар, жергілікті өзін-өзі басқару
органдары, ұйымдар және
басқалардың бұзылған немесе даулы
құқықтарын, бостандықтарын және
заңмен қорғалатын мүдделерін
қорғау үшін сотқа талап арыз берген
азаматтар).

АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТЕГІ ТАРАПТАР

*- даулы материалдық-құқықтық қатынастардың
субъектілері деп аталады, олардың атынан сот талап
арызды қабылдайды
(ҚР АПК 43 бабы)*



ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР

```
graph TD; A[ҮШІНШІ ТҰЛҒАЛАР] --> B[Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар - бұл даудың субъективтік құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қозғалған процестің тараптары арасындағы құқық туралы дауға қатысатын тұлға (ҚР АПК 51 бабы).]; A --> C[Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар - бұл процеске талапкер немесе жауапкер тарапынан өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қатысатын адам (ҚР АПК 52 бабы).];
```

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдейтін үшінші тұлғалар - бұл даудың субъективтік құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қозғалған процестің тараптары арасындағы құқық туралы дауға қатысатын тұлға
(ҚР АПК 51 бабы).

Даудың нысанасына дербес талаптарын мәлімдемейтін үшінші тұлғалар - бұл процеске талапкер немесе жауапкер тарапынан өз құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау үшін қатысатын адам
(ҚР АПК 52 бабы).

Процессуалдық бірге қатысу — бұл мүдделері мен талаптары бір-бірін жоққа шығармайтын бірнеше талап қоюшының немесе бірнеше жауапкердің бір іске қатысуы. Қатысу сот ісін процестің субъектілеріне біріктіруді қамтиды. Сондықтан оны шағымның субъективті байланысы деп те атайды.

Белсенді бірге қатысу
талап қоюшының жағында
бірнеше адам талап қоюмен
бір мезгілде әрекет еткен
кезде, талап қоюшының
жағында қатысу.

Пассивті бірге қатысу
бір талапкер бір уақытта
бірнеше адам қатысатын
жауапкерге талап қойған
кезде жауапкердің жағында
қатысу


Аралас бірге қатысу
бір мезгілде талап
қоюшының жағында және
жауапкердің жағында
бірнеше адам қатысады

Процестік бірге қатысу
мынадай жағдайларда
туындауы мүмкін:

Талаптың пәні жалпы құқық болып табылады (мысалы, ортақ меншік құқығынан туындайтын);

Талап қою талаптары бір негіз бойынша туындайды (мысалы, бірнеше адамның бірлесіп зиян келтіруінен);

Даудың негіздері мен мәні бойынша талап қою талаптары біртекті (мысалы, жалдаушыға бірнеше адамның жалақысы бойынша талап қою немесе энергия үнемдейтін ұйымның бірнеше абоненттерге жарық, газ, жылу үшін төлемегені туралы талап қою).



ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҚ МИРАСҚОРЛЫҒЫ

- бұл сот ісін жүргізудің кез-келген кезеңінде қатысушыны ауыстыруды көздейтін процесс (ҚР АПК 53 бабы).

**Процестік құқық
мирасқорлығы болуы
мүмкін:
(ҚР АПК 53 бабы)**

адамның қайтыс болуы; заңды тұлғаның қайта ұйымдастырылуы; заңды тұлғаның таратылуы; талапты басқаға беру; борышты аудару және даулы материалдық құқықтық қатынастардағы тұлғалардың басқа да ауысу жағдайлары.

Істі бірінші және апелляциялық сатылардағы соттарда қарау кезінде тараптардың бірі шығып қалған жағдайда іс бойынша іс жүргізу ҚР АПК-нің 272-бабы бірінші бөлігінің 1) тармақшасына сәйкес тоқтатыла тұрады.

**Құқықтық
мирасқорлық
туындаған кездегі
соттың әрекеті**

Құқық мирасқоры процеске кіргенге дейін жасалған барлық іс-әрекеттер ол үшін құқық мирасқоры ауыстырған адам үшін олар қаншалықты міндетті болса, сондай шамада міндетті болады.

Кассациялық сатыдағы сотта сот актілерін қайта қарау сатысында тараптардың бірі шығып қалған кезде шығып қалған тараптың және іске қатысатын басқа да тұлғалардың сот актілерін қайта қарау туралы өтінішхаты қараусыз қалдырылады. Құқықтық мирасқор өтінішхатты қайта беруі мүмкін.

Құқықтық мирасқордың, прокурордың сот актілеріне шағым жасау, наразылық келтіру үшін мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхаттарын кассациялық сатыдағы сот ҚР АПК белгіленген тәртіппен қарайды.

Прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы

ПРОКУРОР (ҚР АПК 54 бабы)

Азаматтық істер бойынша заңды күшіне енген сот актілерінің заңдылығына мемлекет атынан жоғары қадағалауды Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры тікелей де, өзіне бағынысты прокурорлар арқылы да жүзеге асырады.

Мемлекет мүдделерін қозғайтын істер бойынша, қоғамдық мүдделерді немесе өздерін өз бетінше қорғай алмайтын азаматтарды қорғау талап етілгенде, сондай-ақ прокурордың қатысу қажеттігін сот танығанда прокурордың азаматтық сот ісін жүргізуге қатысуы міндетті.

Прокурордың көрсетілген өкілеттіктері тиісті ақпаратты соттың интернет-ресурсында орналастыру арқылы қарауға тағайындалған істердің барлығы туралы соттың уақтылы хабарлауы арқылы қамтамасыз етіледі.



Талап қою берген прокурор барлық процестік құқықтарын пайдаланады, сондай-ақ татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім және дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу құқығынан басқа, талап қоюшының барлық процестік міндеттерін атқарады. Прокурордың басқа тұлғаның мүдделерін қорғау үшін берілген талап қоюдан бас тартуы осы тұлғаны ол «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) талаптарына сәйкес мемлекеттік бажды төлегеннен кейін істі мәні бойынша қарауды талап ету құқығынан айырмайды.

Сот қарайтын дауда прокуратура органдарының мүдделерін талап қоюшы немесе жауапкер ретінде білдіретін прокурор тараптың процестік құқықтары мен міндеттерін пайдаланады.

**Басқа тұлғалардың құқықтарын, қоғамдық және мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін сотқа жүгіну
(ҚР АПК 55 бабы)**

Занда көзделген жағдайларда мемлекеттік органдар мен жергілікті өзін-өзі басқару органдары, заңды тұлғалар немесе азаматтар, Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкіл сотқа басқа тұлғалардың өтініші бойынша олардың құқықтарын, бостандықтары мен заңды мүдделерін, сол сияқты қоғамдық немесе мемлекеттік мүдделерді қорғау үшін талап қойып, жүгіне алады.


Әрекетке қабілетсіз азаматтың мүдделерін қорғау үшін мүдделі тұлғаның өтінішіне қарамастан талап қою берілуі мүмкін.

Егер өз мүддесінде іс қозғалған тұлға мәлімделген талапты қолдамаса, егер үшінші тұлғалардың құқықтары, бостандықтары мен заңды мүдделері қозғалмаса, сот талап қоюды қараусыз қалдырады.

Бөгде мүдделерді қорғау үшін талап қойған адамдар барлық процестік құқықтарды пайдаланады және талап қоюдан бас тарту, татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім және дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасу құқығынан басқа, талап қоюшының барлық процестік міндеттерін атқарады.

**№ 5-6 тақырып: Сотта өкілдік ету.
Азаматтық процестегі іс жүргізу мерзімдері мен сот шығындары.**

СОТТА ӨКІЛДІК ЕТУ - бұл бір адам (сот өкілі) өзіне берілген өкілеттіктер шегінде басқа адамның (өкілдік берушінің) атынан және мүдделері үшін процестік әрекеттер жасайтын, соның салдарынан тікелей соңғысының процестік құқықтары мен міндеттері туындайтын құқықтық қатынастар. *(ҚР АПК 6 тарау).*



ЗАҢДЫ

Заңға, сот шешіміне немесе әкімшілік актіге негізделеді, яғни ата-аналар, асырап алушылар, қорғаншылар, қамқоршылар, патронат тәрбиешілер немесе оларды алмастыратын басқа да адамдар әрекетке қабілетсіз азаматтардың, кәмелетке толмағандардың және сот тәртібімен әрекет қабілеті шектеулі деп танылған адамдардың өкілдері ретінде, олардың балалармен туыстық қатынастарын немесе қорғаншылар немесе қамқоршылар ретінде тағайындалуын растайтын әкімшілік актілер негізінде әрекет етеді. Заңды сот өкілдігі мен ерікті сот өкілдігінің тән және негізгі айырмашылығы өкілдік қатынастардың пайда болуының өкілдік берушінің еркінен тәуелсіздігі болып табылады.

ЕРІКТІ

Бұл тек ұсынылған адамның ерік-жігері болған кезде пайда болады. ҚР АПК-нің 57-бабы 2-тармағының 2-бөлігіне сәйкес: сенімхатқа негізделген істі сотта жүргізуге тиісінше ресімделген өкілеттігі бар әрекетке қабілетті адам осы баптың үшінші бөлігіне сәйкес сотта өкіл бола алады. Сонымен қатар, ҚР АПК 58-бабына сәйкес келесі тұлғалар ерікті өкілдер бола алады:

- **адвокаттар;**
- **басқа тең қатысушылардың тапсырмасы бойынша тең қатысушылардың бірі;**
- **«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес заң консультанттары палатасының мүшелері болып табылатын тұлғалар.**

ЖАРҒЫЛЫҚ


Жарғының, ереженің және ҚР АПК 58-бабына сәйкес басқа да арнайы актілердің негізінде келесі тұлғалар болып табылады:

- заңды тұлғалардың істері бойынша – осы заңды тұлғалардың жұмыскерлері, ал мемлекеттік органдардың және олардың аумақтық бөлімшелерінің істері бойынша – осы мемлекеттік органдардың жұмыскерлері;

- өзге заңды тұлғалардың істері бойынша, егер мұндай заңды тұлғалар сол бір тұлғаның бақылауында (тікелей немесе жанама) болса, заңды тұлғалардың жұмыскерлері.

ҚОҒАМДЫҚ

Бұл құқықтары мен мүдделерін қорғауды осы кәсіптік одақтар жүзеге асыратын жұмысшылардың, қызметшілердің, сондай-ақ басқа да адамдардың істері жөніндегі уәкілетті кәсіптік одақтардың, сондай-ақ заңмен, жарғымен немесе ережемен осы ұйымдар мүшелерінің құқықтары мен мүдделерін, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен мүдделерін қорғау құқығы берілген уәкілетті ұйымдардың өкілдігі.




ӨКІЛДІҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ

(ҚР АПК 60 бабы)

СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНЫҢ БАРЛЫҚ
ТУЫНДАЙТЫН БАРЫСЫ
БОЙЫНША ДӘЛЕЛДЕР ҰСЫНУ
ЖӘНЕ ПАЙЫМДАУЛАР АЙТУ

ТАЛАП ҚОЮ ТАЛАПТАРЫНЫҢ НЫСАНАСЫН
ҰЛҒАЙТУДАН НЕМЕСЕ АЗАЙТУДАН, ТАЛАП
ҚОЮДЫҢ НЫСАНАСЫН НЕМЕСЕ НЕГІЗІН
ӨЗГЕРТУДЕН, ӨКІЛЕТТІКТЕРДІ БАСҚА ТҰЛҒАҒА
БЕРУДЕН (БАСҚАҒА СЕНІП ТАПСЫРУДАН)



ӨКІЛДІК ЕТУДІҢ РӘСІМДЕУ ТӘРТІБІ

СЕНІМХАТ – бір адамның (сенім білдірушінің) өз атынан өкілдік ету үшін екінші адамға (сенім білдірген) берген жазбаша уәкілдігі сенімхат деп танылады (ҚР АҚ 167 бабы).

Бас (жалпы) сенімхаттар

белгілі бір уақыт аралығында әртүрлі мәмілелер мен басқа да заңды әрекеттер жасау үшін беріледі (мысалы, заңды тұлға филиалының басшысына берілген сенімхат);

Бір жолғы сенімхат


олар қатаң анықталған мәмілені немесе басқа заңды әрекетті орындау үшін беріледі.

Арнайы сенімхаттар

бірқатар біртектес мәмілелер немесе басқа да заңды әрекеттер жасау үшін беріледі. Оларға сотта өкілдік ету үшін, жүк тасымалдаушыдан тауар-материалдық құндылықтарды алуға арналған сенімхаттар және т. б. жатады.

ПРОЦЕСТІК МЕРЗІМДЕР (ҚР АПК 10 тарау)

ПРОЦЕСТІК МЕРЗІМДЕР - бұл азаматтық іс жүргізу заңымен белгіленген немесе сот тағайындаған уақыт кезеңі, оның барысында азаматтық процесс субъектілері белгілі бір іс жүргізу әрекеттерін жасауы керек.



**Процестік мерзімді өткізіп алудың
салдарлары (ҚР АПК 124 бабы)**

Процестік әрекеттерді жасау құқығы осы Кодексте белгіленген немесе сот тағайындаған процестік мерзімнің аяқталуымен жойылады.

Процестік мерзімдер аяқталғаннан кейін берілген шағымдар мен құжаттарды, егер өткізіп алған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы мәлімделмесе, сот оларды берген адамға қараусыз кері қайтарады.

Процестік мерзімнің өтуі іске қатысатын адамды процестік міндеттерін орындаудан босатпайды.

**Процестік мерзімдерді тоқтата тұру
(ҚР АПК 125 бабы)**

Іс бойынша іс жүргізу тоқтатыла тұрумен бірге барлық өтпеген процестік мерзімдердің жүруі тоқтатыла тұрады. Мерзімдерді тоқтата тұру сот іс бойынша іс жүргізуді ҚР АПК-нде көзделген негіздер бойынша тоқтата тұру туралы ұйғарым шығарған күннен басталады.

Сот іс бойынша іс жүргізуді қайта бастау туралы ұйғарым шығарған күннен бастап процестік мерзімдердің жүруі жалғасады.

**Процестік мерзімдерді ұзарту
және қалпына келтіру
(ҚР АПК 126 бабы)**

Сот өткізіп алынған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы арызды сотқа келіп түскен күнінен бастап ***он жұмыс күні ішінде қарайды және шешеді.***

Сот өткізіп алынған процестік мерзімді қалпына келтіру туралы арызды өз қалауы бойынша, іске қатысатын адамдарды шақырмастан қарауға не сот отырысын тағайындауға құқылы.

Өткізіп алған процестік мерзімді ұзартудан немесе қалпына келтіруден бас тарту туралы соттың ұйғарымына жеке шағым берілуі, прокурордың өтінішхаты, наразылығы келтірілуі мүмкін.

Процестік мерзімді ұзарту немесе қалпына келтіру туралы соттың ұйғарымы шағым жасауға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды.

**СОТ ШЫҒЫСТАРЫ – іс бойынша іс жүргізуге байланысты мемлекеттік
баж бен шығындардан тұрады (ҚР АПК 8 тарау)**

Мемлекеттік баж - уәкілетті мемлекеттік органдардың немесе лауазымды адамдардың заңдық мәні бар, оның ішінде құжаттарды (олардың көшірмелерін, телнұсқаларын) берумен байланысты әрекеттер жасағаны үшін алынатын, бюджетке төленетін төлем болып табылады.
(Салық кодексінің 607 бабы)

Іс бойынша іс жүргізуге байланысты шығындар - бұл куәларға, сарапшыларға және мамандарға төленуге тиісті сомалар; тиісті орында қарап-тексеруді жүргізуге байланысты шығыстар; заттай дәлелдемелерді сақтауға байланысты шығыстар; жауапкерді және (немесе) баланы іздестіру бойынша шығыстар; іс бойынша жарияланым мен хабарландыруларға байланысты шығыстар; тараптарға және іске қатысатын басқа да тұлғаларға хабарлау және оларды сотқа шақыру бойынша шығыстар; тараптар мен үшінші тұлғалардың жол жүру және тұрғын үй-жайларды жалдау бойынша, олардың сотқа келуіне байланысты жұмсаған шығыстары; өкілдің көмегіне ақы төлеу бойынша шығыстар; сот өтелуге жатады деп таныған, оның ішінде тараптардың кейіннен сотқа жүгінген кезде дауды міндетті түрде сотқа дейін реттеу рәсімдерінде жұмсаған басқа да шығыстары жатады.
(ҚР АПК 108 бабы)

Мемлекеттік баж төленеді:
(ҚР СК 609 бабы)

1) соттар қарайтын істер бойынша-
тиісті арыз (шағым) немесе
апелляциялық шағым, сот бұйрығын
шығару туралы арыз берілгенге
дейін, сондай-ақ сот құжаттардың
көшірмелерін берген кезде;


2) нотариаттық әрекеттер жасағаны
үшін, сондай-ақ нотариат куәландырған
құжаттардың көшірмелерін
(телнұсқаларын) бергені үшін;


3) азаматтық хал актілерін тіркегені үшін,
сондай-ақ азаматтарға азаматтық хал актілерін
тіркеу туралы анықтамалар мен қайтадан
куәліктер бергені және азаматтық хал актілері
жазбаларын өзгертуге, толықтыруға, түзетуге
және қалпына келтіруге байланысты куәліктер
бергені үшін;

4) шетелдіктер мен азаматтығы жоқ
адамдардың Қазақстан
Республикасына жеке істері
бойынша келуіне шақыруларды
ресімдегені, Қазақстан
Республикасының визаларын беру
бойынша қабылдаушы тұлғалардың
шақыруларын қабылдағаны және
келіскені үшін;

5) Қазақстан Республикасынан тұрақты
тұрғылықты жерге кетуге құжаттар
ресімдегені үшін;

6) Қазақстан Республикасының азаматтығын
алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын
қалпына келтіру және Қазақстан
Республикасының азаматтығын тоқтату
туралы құжаттарды ресімдегені үшін.





**Мемлекеттік баждың төленген сомаларын қайтару
ерекшеліктері (ҚР СК 108 бабы)**

Мемлекеттік баждың артық
төленген сомасы ішінара
немесе толық қайтаруға
жатады:


талап қоюшы сотқа талап арыздар және өзге де өтініштер (шағымдар) берген кезде өз талаптарын азайтатын жағдайларды қоспағанда, мемлекеттік баж Салық кодексі бойынша талап етілгеннен көп мөлшерде енгізілген;

талап арыз немесе өзге де өтініш (шағым) қайтарылған немесе оны қабылдаудан бас тартылған, сондай-ақ нотариустар немесе осыған уәкілеттік берілген адамдар нотариаттық әрекеттерді жасаудан бас тартқан;

егер іс сотта қарауға жатпайтын болса, сондай-ақ егер талап қоюшы дауды алдын ала шешудің осы санаттағы істер үшін белгіленген тәртібін сақтамаған не талапты әрекетке қабілетсіз адам қойған болса, іс бойынша іс жүргізу тоқтатылған немесе талап қою қараусыз қалдырылған;

мемлекеттік бажды төлеген адамдар заңдық мәні бар әрекеттерді жасаудан немесе осы заңдық мәні бар әрекеттерді жасайтын органға жүгінгенге дейін құжатты алудан бас тартқан;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген өзге де жағдайларда.



**Шығындар - сот ісін қарауға және шешуге байланысты
сот процесіне қатысушылар шеккен шығындар**
(ҚР АПК 108 бабы)

Іс бойынша іс жүргізуге
байланысты шығындарға жатады:

куәларға, сарапшыларға және
мамандарға төленуге тиісті
сомалар;

тиісті орында қарап-тексеруді
жүргізуге байланысты шығыстар;

заттай дәлелдемелерді сақтауға
байланысты шығыстар;

жауапкерді және (немесе) баланы
іздістіру бойынша шығыстар;

іс бойынша жарияланым мен
хабарландыруларға
байланысты шығыстар;

тараптарға және іске қатысатын
басқа да тұлғаларға хабарлау
және оларды сотқа шақыру
бойынша шығыстар;

тараптар мен үшінші тұлғалардың жол
жүру және тұрғын үй-жайларды жалдау
бойынша, олардың сотқа келуіне
байланысты жұмсаған шығыстары;

өкілдің көмегіне ақы төлеу
бойынша шығыстар;

**Сарапшыларға, мамандарға, куәларға, аудармашыларға
төленуге тиісті сомалар (ҚР АПК 110 бабы)**

Куәларға, сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға сотқа келуге байланысты жұмсалған жол жүру, үй-жай жалдау бойынша шығыстары өтеледі және іссапарға жіберілген адамдар үшін белгіленген мөлшерде тәулікақы төленеді. Сарапшы мен маманға тапсырылған жұмысты орындау кезінде олар жұмсаған, оларға тиесілі химиялық реактивтердің және басқа да шығыс материалдарының құны, сондай-ақ олардың жұмысты орындау үшін құрал-жабдықтарды, коммуналдық қызметтерді пайдаланғаны үшін төлеген ақысы да өтеледі.

Сотқа куә ретінде шақырылатын, жұмыс істейтін адамдарға сотқа келуге байланысты олардың болмаған уақыты үшін жұмыс істейтін орны бойынша орташа жалақысы сақталады. Еңбек қатынастарында тұрмаған куәлар өздерін әдеттегі айналысып жүрген істерінен алаңдатқаны үшін іс жүзіндегі уақыт шығындары ескеріле отырып және заңда белгіленген ең төменгі айлық жалақы мөлшері негізге алына отырып өтемақы алады.

Біржолғы тәртіппен тартылған сарапшылардың, сондай-ақ мамандардың қызметтік міндеттерінің аясына кірмейтін, соттың тапсырмасы бойынша орындаған жұмысы ақы төленуге жатады. Сот ақы мөлшерін тараптармен келісім бойынша айқындайды және өтінішхатты мәлімдеген тарап Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында белгіленген тәртіппен ашылған шотқа алдын ала енгізеді.

Куәларға, сарапшыларға, мамандарға сомаларды, сондай-ақ сот сараптамасы органдары жүргізген сараптамаға төлемді өтінішхатты мәлімдеген тарап төлейді. Егер өтінішхатты екі тарап та берсе не куәны шақырту, сараптаманы тағайындау, маманды тарту соттың бастамасы бойынша жүргізілсе, талап етілетін соманы тараптар тең бөліктермен төлейді.

Өтінішхатты мәлімдеген тарап (тараптар) не өзіне сот осындай міндетті жүктеген тарап сот сараптамасы органының сараптама жүргізгені үшін төленуге тиісті сомаларды алдын ала төлеу нысанында тиісті бюджетке енгізеді. Сот белгілеген мерзімдерде сома енгізілмеген жағдайда, сараптама жүргізуге байланысты шығындар істің осы Кодекстің 109-бабының екінші бөлігіне сәйкес қаралу нәтижелеріне қарамастан, соттың шешімі бойынша төлемді жүзеге асырмаған (уақтылы жүзеге асырмаған) тұлғаға жүктеледі.

Бір тарап немесе екі тарап та шығындарды төлеуден босатылған жағдайда сарапшылар мен мамандарға тиесілі сомаларды төлеу соттың шешімінің негізінде істі қарау нәтижелері бойынша бюджет қаражаты есебінен жүргізіледі.


**Куәларға, сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға
сомаларды төлеу (ҚР АПК 111 бабы)**

```
graph TD; A["Куәларға, сарапшыларға, мамандарға және аудармашыларға  
сомаларды төлеу (ҚР АПК 111 бабы)"] --> B["Сот куәларға, сарапшыларға және  
мамандарға тиесілі сомаларды олар өз  
міндеттерін орындағаннан кейін  
Қазақстан Республикасының бюджет  
заңнамасына сәйкес ашылған шоттан  
төлейді."]; A --> C["Аудармашыларға тиесілі сомаларды  
төлеу Қазақстан Республикасының  
Үкіметі айқындайтын тәртіппен  
республикалық бюджет есебінен  
жүргізіледі."];
```

Сот куәларға, сарапшыларға және мамандарға тиесілі сомаларды олар өз міндеттерін орындағаннан кейін Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасына сәйкес ашылған шоттан төлейді.

Аудармашыларға тиесілі сомаларды төлеу Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен республикалық бюджет есебінен жүргізіледі.

№7 тақырып: ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖӘНЕ СОТТЫЛЫҚ





АЗАМАТТЫҚ ІСТЕРДІҢ СОТТАРҒА ВЕДОМСТВОЛЫҚ БАҒЫНЫСТЫЛЫҒЫ

Азаматтық істердің соттарға ведомстволық бағыныстылығы (ҚР АПК 23 бабы)

егер ҚР АПК-те және басқа да заңдарға сәйкес бұзылған немесе даулы құқықтарды, бостандықтар мен заңды мүдделерді қорғау өзгеше тәртіппен жүзеге асырылмаса, соттар оларды қорғау туралы істерді азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарайды және шешеді;

азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, қаржы, шаруашылық, жер қатынастарынан және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын даулар бойынша талап қою ісін жүргізудің азаматтық істері соттардың ведомстволығына жатады;

ҚР АПК-те көзделген ерекше талап қою ісін жүргізу істері соттардың ведомстволығына жатады;

егер заңда, Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарда немесе тараптардың келісімінде өзгеше көзделмесе, шетелдіктер, азаматтығы жоқ адамдар, шетелдік ұйымдар қатысатын, сондай-ақ халықаралық ұйымдар қатысатын істер соттардың ведомстволығына жатады;

шетелдік соттардың шешімдерін, сот бұйрықтарын және төрелік шешімдерді тану және орындау туралы істер соттардың ведомстволығына жатады;

төрелік шешімдердің күшін жою туралы және осындай шешімдерді мәжбүрлеп орындауға жіберу туралы істер соттардың ведомстволығына жатады;


азаматтық істердің басқа санаттары да заңға сәйкес соттардың ведомстволығына жатқызылуы мүмкін.


**Сот ведомстволығының
басымдығы**
(ҚР АПК 25 бабы)

Бірі – сотқа, ал басқалары –
соттан тыс органдарға
ведомстволық, өзара
байланысты бірнеше талаптар
біріктірілген кезде, барлық
талаптар сотта қаралуға тиіс

Нақты даудың
ведомстволығына қатысты
заңдарды түсіндіруде күмән
туындаған немесе коллизиялар
болған жағдайда, оны сот
қарайды

Соттылық-бұл соттарға бағынышты азаматтық істерді қарау және шешу бойынша нақты бірінші сатыдағы соттың пәндік өкілеттіктері





АЙМАҚТЫҚ СОТТЫЛЫҚ

- бұл аймақтық (жергілікті) соттылықты белгілейтін нормалар азаматтық істерді сот жүйесінің бір буынындағы біртекті соттар арасында бөлуге мүмкіндік береді. Істің соттылығы осы сот әрекет ететін әкімшілік аймаққа байланысты.

Аймақтық соттылықтың жалпы ережесі (Жалпы аумақтық соттылық) ҚР АПК-де бекітілген. Осы ережеге сәйкес сот ісі сотталушының тұрғылықты жері бойынша сотқа беріледі. Заңды тұлғаға талап қою заңды тұлғаның немесе оның мүлкінің орналасқан жері бойынша беріледі.

БАЛАМА СОТТЫЛЫҚ

талапкердің (арыз берушінің) таңдауы бойынша соттылық істің жауапкер орналасқан жердегі соттың ғана емес, заңда көрсетілген басқа соттың да соттылығына жататынын білдіреді. Заңға сәйкес, іс бір деңгейдегі бірнеше соттың қарауына жататын болса, істі қарау және шешу үшін соттың таңдауы талапкерге (өтініш берушіге) тиесілі болады.

Аймақтық соттылықтың жалпы қағидаларына сәйкес талап жауапкердің орналасқан жері бойынша қойылады. Алайда жауапкердің тұрғылықты жері белгісіз болған жағдайларда талап қою оның мүлкінің орналасқан жері бойынша немесе оның соңғы белгілі тұрғылықты жері бойынша берілуі мүмкін. Заңды тұлғаға талап қою оның мүлкінің орналасқан жері бойынша да берілуі мүмкін.

Айрықша соттылық деп аталады, өйткені ол белгілейтін ережелер аймақтық юрисдикцияның басқа түрлерін, атап айтқанда, жалпы аймақтық, балама, шарттық және талаптардың (істердің) байланысын болдырмайды. Заңда көрсетілген азаматтық істердің белгілі бір санаттары үшін соттың таңдауы талапкердің еркіне байланысты емес, дәл заңда алдын-ала анықталған. Заңда көрсетілген істер бойынша, көрсетілгендерден басқа, басқа соттарға талап қою алынып тасталады.

Аймақтық соттылықтың жалпы ережелері, яғни талап мұрагерлік мүліктің немесе оның негізгі бөлігінің орналасқан жері бойынша емес, жауапкердің тұрғылықты жері бойынша қойылады. Бұл ережелер қисынды, өйткені мұрагерлік мүлікті бөлуге болады, оны бір мұрагер қабылдайды, ал басқаларына акция үшін өтемақы төленеді және т. б. Мұраны қабылдағаннан кейін ерекше юрисдикция ережесінің қолданылуы мағынасын жоғалтады.

ШАРТТЫҚ СОТТЫЛЫҚ

Шарттық (ерікті) соттылық тараптардың өзара келісім бойынша осы іс үшін аймақтық соттылықты өзгерте алатындығын білдіреді.

Азаматтық процестің диспозитивтік қағидаларына сәйкес тараптар істің соттылығына жататын сотты өздері анықтауға құқылы. Алайда, олар аймақтық юрисдикцияның тек екі түрін өзгерте алады: жалпы және балама. Айрықша соттылық, рулық сияқты, тараптардың келісімімен анықталмайды. Соттылықтың бұл түрлері заңмен белгіленген ережеге ие.

Мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттар, басқа соттың соттылығына жататындығы заңда айқындалған істерді қоспағанда, тараптары заңды тұлға құрмай жеке кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыратын жеке тұлғалар, заңды тұлғалар болып табылатын мүлктік және мүлктік емес даулар бойынша, сондай-ақ корпоративтік даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді.

Әскери соттар Қарулы Күштердің әскерлері мен басқа да әскери құрылымдардың әскери қызметшілерінің, әскери жиындардан өтіп жатқан азаматтардың лауазымды адамдар мен әскери басқару органдарының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағым жасауы туралы азаматтық істерді қарайды. Мамандандырылған басқа соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, егер тараптардың бірі әскери қызметші, әскери басқару органдары, әскери бөлім болып табылса, әскери соттар азаматтық істерді қарайды.

**Азаматтық істердің мамандандырылған соттардың,
мамандандырылған сот құрамдарының соттылығына жатқызылуы:**
(ҚР АПК 27 бабы)

Кәмелетке толмағандардың істері жөніндегі мамандандырылған ауданаралық соттар ата-аналардың кәмелетке толмаған балалармен құқықтық қатынастарынан туындайтын даулар бойынша азаматтық істерді қарайды және шешеді. (Мысалы: баланың тұрғылықты жерін айқындау; ата-ананың баламен араласу тәртібін айқындау және басқа адамдарда болатын баланы айырып алу туралы; бала ата-аналарының біреуімен республикадан тыс жерлерге тұрақты тұру үшін кеткен кезде баланың тұрғылықты жерін айқындау туралы; және т.б.)

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының қарауына жатқызылған істерден басқа инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді қарайды.

**Істі бір соттың іс жүргізуінен алып, басқа сотқа беру
(ҚР АПК 34 бабы)**

Соттылық қағидалары сақтала отырып, соттың іс жүргізуіне қабылданған іс кейіннен ол басқа соттың соттылығына жатқызылса да, сот оны мәні бойынша шешуге тиіс, егер (ҚР АПК 34 бабы):

тұрғылықты жері бұрын белгісіз болған жауапкер істі өзінің тұрғылықты жері бойынша сотқа беру туралы өтінішхат берсе;

бір немесе бірнеше судьяға қарсылық білдірілгеннен кейін істі осы сотта қарау мүмкін болмаса;

істі осы сотта қарау кезінде оның іс жүргізуге соттылық қағидалары бұзыла отырып қабылданғаны анықталса;

ҚР АПК-тің 27-бабының үшінші бөлігінде көзделген негіздер туындаса;

ҚР АПК-тің 32-бабында көзделген негіздер туындаса.

№8 тақырып: ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕУ.

Сот солардың негізінде тараптардың талаптары мен қарсылықтарын негіздейтін мән-жайлардың, сондай-ақ істі дұрыс қарау және шешу үшін маңызы бар өзге де мән-жайлардың бар немесе жоқ екендігін анықтайтын заңды тәсілмен алынған фактілер туралы мәліметтер іс бойынша **дәлелдемелер** болып табылады (ҚР АПК 63 бабы)

Дәлелдемелердің **ҚАТЫСТЫЛЫҒЫ**
(ҚР АПК 64 бабы)

Дәлелдемелердің **ЖАРАМДЫЛЫҒЫ**
(ҚР АПК 65 бабы)

Дәлелдемелер ретінде жол
берілмейтін мәліметтер:

- белгісіз көзден не сот отырысында анықтала алмайтын көзден;

- дәлелдеу барысында қазіргі заманғы ғылыми білімге қайшы келетін әдістерді қолдану арқылы;

- тараптың немесе іске қатысатын басқа да тұлғалардың дәлелдерін негіздеу немесе теріске шығару мақсатында мазмұнын арнайы дайындау немесе өзгерту арқылы алынған фактілер туралы мәліметтердің анықтығына ықпал еткен немесе ықпал ете алатын дәлелдемелер ретінде сот жарамсыз деп таниды.

- зорлық-зомбылықты, қорқытуды, алдауды, сол сияқты өзге де заңсыз әрекеттерді қолдану арқылы;

- іске қатысатын адамға өз құқықтары мен міндеттерін түсіндірмеу, толық немесе дұрыс түсіндірмеу салдарынан туындаған оның жаңылысуын пайдалану арқылы;

- осы азаматтық іс бойынша іс жүргізуді жүзеге асыруға құқығы жоқ тұлғаның процестік әрекетті жүргізуіне байланысты;

- қарсылық білдірілуге жататын тұлғаның процестік әрекетке қатысуына байланысты;

- процестік әрекетті жүргізу тәртібін елеулі түрде бұзу арқылы;


Заңды бұза отырып алынған дәлелдемелердің заңдық күші жоқ деп танылады және оларды дәлелдеме ретінде пайдалануға болмайды.

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ БАҒАЛАУ

Әрбір дәлелдеме оның қатыстылығы, жарамдылығы, анықтығы ескеріле отырып, ал барлық жиналған дәлелдемелер жиынтығы азаматтық істі шешу үшін жеткіліктілігі тұрғысынан бағалануға тиіс (ҚР АПК 68 бабы).

ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІҢ АНЫҚТЫҒЫ

Егер тексеру нәтижесінде дәлелдеменің шындыққа сәйкес келетіні анықталса, дәлелдеме анық деп есептеледі (ҚР АПК 67 бабы)





ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕРДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ


Сот дәлелдемелерді қамтамасыз етуді куәлардан жауап алу, сараптама тағайындау және жүргізу, дәлелдемелерді олардың сақталған жерлерінде қарап тексеру, сот тапсырмасын жіберу және басқа да тәсілдер арқылы жүргізеді (ҚР АПК 69 бабы).

СОТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Істі қарайтын сот өз бастамасы бойынша немесе іске қатысатын адамның басқа қаладағы немесе аудандағы дәлелдемелерді қамтамасыз етудің (жинаудың, зерттеудің) қажеттігі туралы өтінішхаты қанағаттандырылған жағдайда, тиісті сотқа белгілі бір процестік әрекеттерді жүргізуді тапсырады (ҚР АПК 74 бабы).







Куэның міндеттері мен құқықтары (ҚР АПК 81 бабы)

Егер куэ ауруының, қарттығының, мүгедектігінің, тұратын жерінің алыстығының немесе басқа да дәлелді себептерінің салдарынан соттың шақыруы бойынша келуге жағдайы болмаса, сот одан оның болған жерінде не техникалық байланыс құралдарын пайдалана отырып жауап алуы мүмкін.

Куэ ретінде шақырылған адам сотқа тағайындалған уақытта келуге және шынайы айғақтар беруге міндетті.

Көрінеу жалған айғақ бергені және заңда көзделмеген негіздер бойынша айғақтар беруден бас тартқаны үшін куэ Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінде көзделген жауаптылықта болады.


Куэның сотқа шақырылуына байланысты шығыстарды өтеттіруге және уақытын жоғалтуына байланысты ақшалай өтемақы алуға құқығы бар. Шығыстар мен өтемақылардың мөлшері Қазақстан Республикасының бюджет заңнамасында айқындалады.

Сот сараптамасын тағайындау (ҚР АПК 82 бабы)

Сот сараптамасы іс үшін маңызы бар мән-жайлар сарапшы арнайы ғылыми білімдер негізінде жүргізетін оның объектілерін зерттеу нәтижесінде анықталуы мүмкін жағдайларда тағайындалады.

Сот сараптамасын сот тараптың өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша тағайындайды


Істе ревизиялар, тексерулер актілерінің, ведомстволық инспекциялар қорытындыларының, сондай-ақ мамандардың жазбаша консультацияларының, бағалаушылар есептерінің болуы сарапшының қорытындысын ауыстырмайды және сол мәселелер бойынша сот сараптамасын тағайындау мүмкіндігін жоққа шығармайды





№ 9 тақырып: Азаматтық процестегі талаптардың түсінігі, элементтері және түрлері.
Талап қоюды ұсыну мен қамтамасыз ету.


Талап қою дегеніміз - талапкердің сотқа жауапкермен бұзылған субъективті құқықты немесе заңмен қорғалатын мүддені қорғау туралы дауды қарау және шешу туралы өтініші (*Глава 14 ГПК РК*).

Талап қою ісін жүргізу - бұл азаматтық, отбасылық, еңбек, тұрғын үй, экологиялық, жер және басқа да құқықтық қатынастардан туындайтын субъективті құқық немесе заңмен қорғалатын мүдделер туралы дауларды қарау және шешу бойынша азаматтық іс жүргізу құқығының нормаларымен реттелетін сот қызметі.











**ТАЛАП ҚОЮҒА ҚОСА БЕРІЛЕТІН ҚҰЖАТТАР (ҚР
АПК 149 бабы)**





Тараптардың татуласуы (ҚР АПК 174 бабы)

Сот (судья) тараптарға татуласу рәсіміне қатысуы үшін шақыру жібере отырып, тараптардың татуласуына шаралар қабылдайды, оларға дауды процестің барлық сатысында реттеуде жәрдемдеседі.

Татуласу рәсімдерін қолдана отырып дауды реттеу туралы өтінішхат, егер осы Кодексте немесе заңда өзгеше көзделмесе, талап қою ісін жүргізудің кез келген ісі бойынша мәлімделуі мүмкін.

Тараптар татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімді немесе дауды партисипативтік рәсімдер тәртібімен реттеу туралы келісімді жасап не осы Кодексте белгіленген тәртіппен өзге де тәсілдерді пайдалана отырып, дауды өзара талаптардың толық көлемінде не бір бөлігінде реттей алады.

ТАЛАП ҚОЮҒА ҚАРСЫ ЖАУАПКЕРДІҢ МҮДДЕЛЕРІН ҚОРҒАУ - бұл тараптардың процессуалдық теңдігі жауапкерге қажетті қарсылықтарды ұсына отырып, өзіне қойылған талапқа қарсы өзін қорғауға мүмкіндік беру арқылы қамтамасыз етіледі (ҚР АПК 166 бабы)

ҚАРСЫЛЫҚ ДЕГЕНІМІЗ - талап қоюшының талап қою құқығының болмауына немесе оның талап қою тәртібін бұзуына байланысты іс бойынша процестің пайда болуының заңсыздығын дәлелдеуге бағытталған талап арызға пікір.

Талапкердің
заңсыздығы;

Істің сотқа
ведомстволық
бағыныстылығы
еместігі;

Жалпы ереже бойынша
сотқа ведомстволық
бағынысты істі қарауға
арнайы тыйым салудың
болуы;

Бірдей талап қою
бойынша заңды күшіне
енген сот шешімінің
болуы.

ҚАРСЫ ТАЛАП ҚОЮ - бұл талап қоюшының талап қоюы бойынша істі бір мезгілде бірлесіп қарау үшін сотқа талапкерге қойылған жауапкердің дербес талабы. *(ҚР АПК 153 бабы)*

Алименттерді өндіріп алу туралы талап және жауапкердің баланың әкесінің АХАЖ органдарындағы жазбасын жарамсыз деп тану туралы қарсы талап қоюы;

Некені бұзу туралы талап және некені жарамсыз деп тану туралы қарсы талап;


Тұрғын үй алаңын бөлу туралы талап және бастапқы талапкердің тұрғын үй алаңына құқығын жоғалтты деп тану туралы қарсы талап.

Қарсы талап қоюды қабылдау шарттары

1) қарсы талап қою алғашқы талап қоюдың есебіне бағытталса;


2) қарсы талап қоюды қанағаттандыру бастапқы талап қоюды толық немесе ішінара қанағаттандыруды жоққа шығаратын болса;

3) қарсы талап қою мен бастапқы талап қою арасында өзара байланыс болса, ал оларды бірлесіп қарау дауларды неғұрлым жылдам және дұрыс қарауға әкелсе, судья қарсы талап қоюды қабылдайды.



**10-11 тақырып: Істі сот талқылауына дайындау.
Сот талқылауы.**

ІСТІ СОТ ТАЛҚЫЛАУЫНА ДАЙЫНДАУ - бұл бірінші және апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізу сатысының міндетті бөлігі және тараптар ұсынған дәлелдемелерді сот отырысында жан-жақты және объективті зерттеуге қажетті жағдай жасайды (*ҚР АПК 16 тарау*).




**Істі сот талқылауына дайындаудың
мерзімдері
(ҚР АПК 164 бабы)**

Азаматтық істерді сот талқылауына дайындау, егер ҚР АПК-те және басқа да заңдарда өзгеше белгіленбесе, талап қою соттың іс жүргізуіне қабылданған күннен бастап **жиырма жұмыс күнінен кешіктірілмей** жүргізілуге тиіс

ҚР АПК-тің 27-бабының 1-2-бөлігінде көзделген даулар бойынша азаматтық істерді сот талқылауына дайындау талап қою соттың іс жүргізуіне қабылданған күннен бастап **бір айдан кешіктірілмей** жүргізілуге тиіс. Аса күрделі істер бойынша бұл мерзім судьяның ұйғарымы бойынша **бір айға қосымша ұзартылуы мүмкін**

Алименттерді өндіріп алу туралы, денсаулықтың зақымдануынан келтірілген зиянды өтеу туралы, сондай-ақ асыраушысынан айырылу жағдайына байланысты істерден басқа, аса күрделі істер бойынша айрықша жағдайларда және еңбек құқықтық қатынастарынан туындайтын талаптар бойынша істі сот талқылауына дайындау үшін берілген мерзім өткеннен кейін бұл мерзім судьяның ұйғарымы бойынша қосымша **бір айға ұзартылуы мүмкін.**

Істі сот талқылауына дайындау мерзімін ұзарту туралы ұйғарым шағым жасауға, прокурордың өтінішхаты бойынша қайта қарауға жатпайды.



**Судьяның
істі сот
талқылауына
дайындау
жөніндегі
әрекеттері
(ҚР АПК 165
бабы)**

талап қоюды қабылдаған күннен бастап **үш жұмыс күні ішінде** жауапкерге және үшінші тұлғаларға талап қоюдың және оған қоса берілген, талап қоюшының талаптарын негіздейтін құжаттардың көшірмелерін ҚР АПК кодекстің 11-тарауында көзделген тәртіппен жібереді не табыс етеді, сондай-ақ жауапкерді дәлелдерді негіздейтін дәлелдемелерді қоса бере отырып, талап қоюшы мәлімдеген талаптарға жазбаша пікірді белгіленген мерзімде ұсынуға міндеттейді;

егер жауапкер немесе іске қатысатын басқа да тұлғалар сотқа талап қоюға қоса берілген құжаттарды алмағандығы туралы мәлімдеген жағдайда, сот олармен сотта таныстыруды қамтамасыз етеді, ал осы адамдардың тапсыру туралы өтінішхаты болған жағдайда талап қоюшыны көрсетілген құжаттардың көшірмелерін ұсынуға міндеттейді;

тараптарға олардың процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді, ұсынылған процестік құжаттар және тараптар өзара даулайтын мән-жайлар бойынша түсіндірмелер беруді ұсынады;

тараптарға дәлелдемелерді сот белгілеген мерзімде уақтылы ұсынбаудың және процесті негізсіз созудың ҚР АПК кодексте белгіленген құқықтық салдарын түсіндіреді;

тараптарға дауды татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен шешу не дауды шешу үшін төрелікке, «Астана» халықаралық қаржы орталығының сотына жүгіну құқығын және олардың құқықтық салдарын түсіндіреді;

кәмелетке толмаған талап қоюшының немесе жауапкердің заңды өкілдеріне олардың істі соттылығы бойынша баланың тұрғылықты (тұрған) жері бойынша аудандық және оған теңестірілген сотқа беру туралы өтінішхатпен жүгіну құқығын түсіндіреді;

іске қатысатын адамдардың құрамы туралы, оның ішінде үшінші тұлғалардың іске кіруі туралы мәселені шешеді, сондай-ақ тиісті емес жауапкерді алмастыру туралы мәселені шешеді;

**Судьяның істі сот
талқылауына
дайындау
жөніндегі
әрекеттері**
(ҚР АПК 165 бабы)

осы іс бойынша сот талқылауының аяқталуына мүдделі адамдарды сотқа талап қоюдың келіп түскені туралы хабардар етеді;

тараптың өтінішхаты бойынша немесе өз бастамасы бойынша сараптама тағайындайды, сондай-ақ іске қатысуға маманды, аудармашыны тарту туралы мәселені шешеді;

куәларды сот отырысына шақыру туралы мәселені шешеді;

кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, іске қатысатын адамдарға хабарлай отырып, жазбаша және заттай дәлелдемелерді сол жерде тексеріп қарайды;

сот тапсырмаларын жібереді;

талап қоюшының арызы бойынша ол берген талап қоюды қайтару туралы ұйғарым шығарады;

гер тараптар арасында сотқа дейін реттеу тәртібімен партисипативтік рәсім жүргізілген жағдайда не талап қоюды қабылдаған кезде сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген дәлелдемелер өзара ашылса және ұсынылса, тараптарды партисипативтік рәсімді жүргізу барысында алынған немесе сотқа дейінгі хаттамада көрсетілген құжаттар мен дәлелдемелерді ұсынуға міндеттейді; талап қоюшыдан ол мәлімдеген талаптардың мәні бойынша жауап алады, одан ол даулап отырған фактілерді, жауапкер тарапынан ықтимал қарсылықтарды анықтайды, егер бұл қажет болса, қосымша дәлелдемелер беруді ұсынады, тараптарға олардың процестік құқықтары мен міндеттерін түсіндіреді;

істі дұрыс әрі уақтылы қарау және шешу үшін өзге де қажетті процестік әрекеттерді жасайды.

**Алдын ала сот отырысы
(ҚР АПК 172 бабы)**

Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалардың істі сот талқылауына дайындау, сотқа жүгіну мерзімдерін өткізіп алу фактілерін және талап қоюдың ескіру мерзімдерін зерттеу кезінде жасаған өкімдік әрекеттерін процестік тұрғыдан бекіту мақсатында істі сот талқылауына дайындауды жүргізудің нәтижелері бойынша алдын ала сот отырысы өткізіледі.

Тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар алдын ала сот отырысының уақыты мен орны туралы хабарландырылады. Шақырылған адамдардың қайсыбірінің келмеуі алдын ала сот отырысын өткізуге кедергі болмайды.

Сот алдын ала сот отырысы барысында істің мән-жайларын тараптармен талқылайды, сұрақтар қояды, даулы құқықтық қатынастардың сипаты мен тараптардың татуласуына ықпал ететін мән-жайларды анықтайды. Қатысушы тараптар мен іске қатысатын басқа да тұлғалар тыңдалуға тиіс.

Судья істі сот талқылауына дайындау үшін тағы да талап етілетін барлық шараларды ҚР АПК-ке сәйкес қабылдайды. Судья айрықша жағдайларда аса күрделі істер бойынша істі сот талқылауына дайындау мерзімін ҚР АПК-тің талаптарына сәйкес ұзартады.

Егер жауапкер талап қоюды бұрын белгіленген мерзімде ұсынбаса немесе пікірді талап қоюдың барлық талаптары мен негіздері бойынша ұсынбаса, сот талап қоюға жазбаша пікір беру үшін мерзім белгілейді. Соттың талап етуі бойынша пікір тікелей алдын ала сот отырысына ұсынылады.

Талап қоюдың ескіру мерзімін немесе сотқа жүгіну мерзімін дәлелді себептерсіз өткізіп алған жағдайда судья іс бойынша өзге де іс жүзіндегі мән-жайларды зерттемей, талап қоюдан бас тарту туралы шешім қабылдайды. Мерзімді өткізіп алу фактісі талап қоюшының өткізіп алған мерзімді қалпына келтіру туралы өтінішхаты немесе жауапкердің талап қоюдың ескіру мерзімін қолдану туралы өтінішхаты негізінде белгіленеді.

Сот талап қоюды ҚР АПК-тің 171-бабында белгіленген тәртіппен мойындауды қабылдаған жағдайда судья іс бойынша мән-жайларды зерттеместен, талап қоюды қанағаттандыру туралы шешім қабылдайды

ҚР АПК-те көзделген негіздер болған кезде іс бойынша іс жүргізу алдын ала сот отырысында тоқтатыла тұруы немесе тоқтатылуы, арыз қараусыз қалдырылуы мүмкін

Сот отырысының хаттамасы ҚР АПК-тің 281-бабының екінші бөлігінде көзделген қағидалар бойынша жүргізіледі.

ҚР АПК-те міндетті түрде қатысу белгіленген істер бойынша прокурор алдын ала отырысқа қатысады.

**Істі мәні бойынша қараудың басталуы
(ҚР АПК 201 бабы)**


Істі мәні бойынша қарау төрағалық етушінің талап қоюшының өзінің талаптарын қолдайтыны не қолдамайтыны, талап қоюшының талаптарын жауапкердің мойындайтыны не мойындамайтыны және тараптардың істі татуласу келісімімен аяқтауды немесе істі төреліктің, «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының қарауына беруді не дауды (жанжалды) медиация немесе партисипативтік рәсім тәртібімен немесе заңда белгіленген басқа тәсілмен шешуді қалайтыны не қаламайтыны туралы мәселелерді анықтауынан басталады.



Осыдан кейін судья баяндайды:


1) талап қоюшының
талаптарын;

2) жауапкердің
қарсылықтарын;

3) тараптар дау айтпайтын
және олар дау айтатын
фактілерді, сондай-ақ
тараптар ұсынған, іске қоса
тіркелген дәлелдемелерді.








СУДЬЯЛАР МЕН ПРОЦЕСКЕ БАСҚА ДА ҚАТЫСУШЫЛАРДЫҢ ҚАРСЫЛЫҚТАРЫ

Азаматтық іс жүргізу заңнамасы сот ісін жүргізуге қатысудан: судьядан, прокурордан, сот отырысының хатшысынан, сарапшыдан, маманнан, аудармашыдан, сот орындаушысынан, сот приставынан бас тарту мүмкіндігін көздейді.



**СУДЬЯҒА, САРАПШЫҒА ЖӘНЕ МАМАНҒА
ҚАРСЫЛЫҚ БІЛДІРУДІҢ ҚОСЫМША НЕГІЗДЕРІ:**

1) ол іске қатысатын адамдарға немесе олардың өкілдеріне қызмет бабымен немесе өзгедей тәуелді болса немесе тәуелділікте болып келсе;

2) ол ревизия немесе тексеру жүргізіп, оның нәтижелері сотқа жүгіну үшін негіз болса не осы азаматтық істі қарау кезінде пайдаланылса;

3) оның құзыретіне жатпайтындығы анықталса, оның ішінде іс үшін маңызы бар мән-жайларды анықтау оның арнайы білімдерінің шегінен шықса, соттың істі қарауына және шешуіне қатыса алмайды.

**ІСТІ ҚАРАУДЫ КЕЙІНГЕ ҚАЛДЫРУҒА
жол беріледі: (ҚР АПК 198 бабы)**

егер сот ҚР АПК-тің 196 және 197-баптарында көзделген тәртіппен - процеске қатысушылардың біреуінің келмеуі салдарынан істі осы сот отырысында қарау мүмкін емес деп таныған;


ҚР АПК-тің 188-бабының төртінші бөлігінде көзделген тәртіп қолданылатын істі талқылау кезінде қатысушылар тәртіпті жаппай бұзған;

ҚР АПК-тің 73-бабында көзделген тәртіппен қосымша дәлелдемелерді ұсыну немесе талап ету қажет болған;

ҚР АПК-тің 153-бабының екінші бөлігінде көзделген тәртіппен -қарсы талап қойылған;

атысушылардың сот отырысына келуіне кедергі келтіретін не оған мүмкіндік бермейтін күтпеген және төтенше мән-жайлар туындаған жағдайларда жол беріледі.





**Сот талап
қоюды
қараусыз
қалдырады,
егер:**

- 1) талап қоюшы осы санаттағы істер үшін заңда белгіленген немесе шартта көзделген дауды сотқа дейін реттеу тәртібін сақтамаса және осы тәртіпті қолданудың мүмкіндігі жойылмаса;
- 2) талап қоюды әрекетке қабілетсіз адам берсе;
- 3) егер талап қоюшы мәлімделген талапты қолдамаса, талап қоюға қол қоюға немесе оны беруге өкілеттігі жоқ адам қол қойса немесе оны берсе;
- 4) осы немесе басқа бір соттың не төреліктің іс жүргізуінде сол бір тараптар арасындағы дау бойынша, сол бір нысана туралы және сол бір негіздер бойынша бұрын қозғалған іс болса;
- 5) егер заңда өзгеше көзделмесе, тараптар арасында заңға сәйкес осы дауды төреліктің немесе «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының шешуіне беру туралы келісім жасалса;
- 6) істі өзінің қатысуынсыз қарауды өтінбеген талап қоюшы екінші шақыру бойынша сотқа келмесе;
- 7) өзінің мүддесіне сай іс қозғалған тұлға мәлімделген талапты қолдамаса;
- 8) талап қоюшы талап қоюды қайтарып алу туралы арыз берсе;
- 9) көрсетушіге арналған күші жойылған бағалы қағаздар және ордерлі бағалы қағаздар бойынша құқықтарды қалпына келтіру туралы істер жөніндегі арыз жарияланған күннен бастап үш ай мерзім аяқталғанға дейін берілсе;
- 10) жылжымайтын затқа коммуналдық меншік құқығын тану туралы арыз заңда белгіленген мерзімнен бұрын берілсе немесе заңда көзделген жылжымайтын мүлікті иесіз деп тіркеу рәсімдері бұзыла отырып берілсе;
- 11) ҚР АПК 105-бабының үшінші бөлігінде және 106-бабының екінші бөлігінде белгіленген тәртіппен мемлекеттік баж төленбесе

Талап қоюды қараусыз қалдырудың тәртібі мен салдары
(ҚР АПК 280 бабы)

Талап қою қараусыз қалдырылған жағдайда іс бойынша іс жүргізу соттың ұйғарымымен аяқталады.

Талап қоюды қараусыз қалдыру туралы соттың ұйғарымына апелляциялық сатыдағы сотқа жеке шағым берілуі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін, оның шешімі түпкілікті болып табылады.

Өтінішті қараусыз қалдыруға негіз болған мән-жайлар жойылғаннан кейін мүдделі тұлға жалпы тәртіппен сотқа тағы да талап қоюды беруге құқылы.

Ұйғарымның көшірмесі талап қоюға қоса берілген материалдармен бірге талап қоюшыға жіберіледі немесе табыс етіледі.

**Іс бойынша іс жүргізуді
тоқтатудың негіздері
(ҚР АПК 277 бабы)**

- 1) іс азаматтық сот ісін жүргізу тәртібімен қарауға жатпаса;
- 2) сол тараптардың арасындағы дау бойынша сол нысана туралы және сол негіздер бойынша шығарылған, заңды күшіне енген сот шешімі немесе талап қоюшының талап қоядан бас тартуына немесе тараптардың татуласу келісімін, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімін, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімді орнықтыруына байланысты іс бойынша іс жүргізуді тоқтату туралы сот ұйғарымы болса;
- 3) сол бір тараптар арасындағы дау бойынша, сол бір нысана туралы және сол бір негіздер бойынша қабылданған төрелік шешім болса;
- 4) сот талап қоюшының талап қоядан бас тартуын қабылдаса;
- 5) тараптар татуласу келісімін жасасса және сот оны бекітсе;
- 6) тараптар дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісім, дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісім жасасса және оны сот бекітсе;
- 7) іс бойынша тараптардың бірі болып табылатын азамат қайтыс болғаннан кейін даулы құқықтық қатынас құқық мирасқорлығына жол бермесе;
- 8) іс бойынша тарап ретінде әрекет ететін ұйым қызметі тоқтатылуына және құқық мирасқорларының болмауына байланысты таратылса;
- 9) шет мемлекетте соттық иммунитеттің бар екені анықталса, іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады.

12 тақырып. ЕРЕКШЕ ТАЛАП ҚОЮ ІСІН ЖҮРГІЗУ

Ерекше талап қою ісін жүргізу – бұл азаматтық істер санаты, оларды қарау кезінде сот мемлекеттік органдардың, жергілікті өзін-өзі басқарудың, қоғамдық бірлестіктердің, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен мемлекеттік қызметшілердің іс-әрекеттері мен шешімдерінің заңдылығын бақылайды (ҚР АПК 3 кіші бөлім).

НОРМАТИВТІК ҚҰҚЫҚТЫҚ АКТІНІҢ ЗАҢДЫЛЫҒЫН ДАУЛАУ ТУРАЛЫ ІСТЕР БОЙЫНША ІС ЖҮРГІЗУ (ҚР АПК 30-тарау)

Талап қоюды беру (ҚР АПК 298 бабы)

Өздеріне нормативтік құқықтық актінің күші қолданылатын, заңда көзделген тәртіппен қабылданған және жарияланған нормативтік құқықтық актімен олардың Қазақстан Республикасының Конституциясымен және заңдарымен кепілдік берілген құқықтары мен заңды мүдделері бұзылып отыр деп санайтын азамат немесе заңды тұлға осы нормативтік құқықтық актіні заңға толық немесе жекелеген бөлігінде қайшы келеді деп тану туралы талап қоюмен сотқа жүгінуге құқылы.

Талап қоюға дауланып отырған нормативтік құқықтық актінің немесе оның бір бөлігінің көшірмесі нормативтік құқықтық актіні қандай бұқаралық ақпарат құралының органы және оны қашан ресми жариялағаны көрсетіле отырып, қоса тіркеледі.

Прокурордың сот қарағанға дейін наразылық келтірілген нормативтік құқықтық актіні заңсыз деп тану туралы сотқа жүгінген жағдайларын қоспағанда, сотқа талап қоюды беру нормативтік құқықтық актінің қолданылуын тоқтата тұрмайды.

Істі сот талқылауына дайындау (ҚР АПК 299 бабы)

ҚР АПК-тің 165-бабында көзделген тәртіппен талап қою соттың іс жүргізуіне қабылданған күннен бастап *он жұмыс күні ішінде* судья істі сот талқылауына дайындауды жүргізеді. Бұл мерзімді ұзартуға жол берілмейді.

Талап қоюды қарау (ҚР АПК 300 бабы)


Сотқа талап қоюмен жүгінген азамат немесе заңды тұлға, прокурор, сондай-ақ нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік орган (лауазымды адам) сот отырысының өткізілетін уақыты мен орны туралы хабардар етіледі.

Іс азаматтың немесе заңды тұлға өкілінің, прокурордың, нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік орган немесе лауазымды адам өкілінің міндетті түрде қатысуымен істі сот талқылауына дайындау аяқталған күннен бастап бір ай мерзімде қаралады.

Сот отырысында сот нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органның немесе жергілікті өзін-өзі басқару органының құзыретін не лауазымды адамның өкілеттігін, бүкіл нормативтік құқықтық актінің немесе оның жекелеген бөлігінің Қазақстан Республикасының Конституциясына, Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкестігін тексереді.

Нормативтік құқықтық актіні заңға қайшы деп тану туралы талап қоюды қарау кезінде көрсетілген нормативтік құқықтық актіні қабылдауға негіз болған мән-жайларды дәлелдеу міндеті нормативтік құқықтық актіні қабылдаған мемлекеттік органға немесе жергілікті өзін-өзі басқару органына не лауазымды адамға жүктеледі.

Сотқа жүгінген тұлғаның өзінің талабынан бас тартуы іс бойынша іс жүргізуді тоқтатуға әкеп соқпайды. Нормативтік құқықтық актіні шығарған мемлекеттік органның, жергілікті өзін-өзі басқару органының, лауазымды адамның қойылған талапты мойындауы сот үшін міндетті емес.



13 тақырып. ЕРЕКШЕ ІС ЖҮРГІЗУ

Ерекше іс жүргізу - бұл арнайы соттың азаматтық санаттағы **істеріне** жатқызылған, құқық туралы дауы жоқ және қорғаудың арнайы құралдар мен тәсілдерді қолданумен сипатталатын азаматтық іс жүргізудің дербес түрі.

(ҚР АПК 4 кіші бөлім)



Сот ерекше іс жүргізу
тәртібімен қарайтын
істерге жатады
(ҚР АПК 302 бабы):

1) заңдық маңызы бар фактілерді анықтау туралы (ҚР АПК 32-тарауы);

2) бала асырап алу туралы арыздар бойынша (ҚР АПК 33-тарауы);

3) азаматты хабарсыз кетті деп тану туралы және азаматты қайтыс болды деп жариялау туралы (ҚР АПК 34-тарауы);

4) азаматтың әрекет қабілетін шектеу туралы, азаматты әрекетке қабілетсіз деп тану туралы, он төрттен он сегіз жасқа дейінгі кәмелетке толмағанды өз табысына өз бетінше билік ету құқығын шектеу туралы немесе одан айыру туралы (ҚР АПК 35-тарауы);

6) кәмелетке толмағандарды арнаулы білім беру ұйымдарына немесе ерекше режимде ұстайтын білім беру ұйымдарына жіберу туралы (ҚР АПК 37-тарауы);

7) психикалық, мінез-құлықтық, оның ішінде психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты бұзылушылығы (ауруы) бар адамды психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымның стационарына мәжбүрлеп емдеуге жатқызу туралы (ҚР АПК 38-тарауы);

8) Психикаға белсенді әсер ететін заттарды тұтынуға байланысты психикалық, мінез-құлықтық бұзылушылығы (ауруы) бар адамды психикалық денсаулық саласында медициналық көмек көрсететін ұйымның стационарына мәжбүрлеп емдеуге жатқызу туралы істер бойынша іс жүргізу (ҚР АПК 39-тарауы);

9) азаматты туберкулезден мәжбүрлеп емдеуге жіберу туралы (ҚР АПК 40-тарауы);

10) қаржы ұйымдарын, және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құрылымдау туралы (ҚР АПК 41-тарауы);

11) дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың берешегін қайта құрылымдау, оларды оңалту, олардың банкроттығы, сондай-ақ оларды банкроттық рәсімін қозғамай тарату туралы (ҚР АПК 42-тарауы);

12) жылжымалы затты иесіз деп тану және жылжымайтын мүлікке коммуналдық меншік құқығын тану туралы (ҚР АПК 43-тарауы);

13) азаматтық хал актілері жазбаларының дұрыс еместігін анықтау туралы (ҚР АПК 44-бабы);

14) нотариаттық әрекеттерге немесе оларды жасаудан бас тартуға берілген шағымдар бойынша (ҚР АПК 45-тарауы)

15) бағалы қағаздарды көрсетуші тұлғаның жоғалған бағалы қағаздар және ордерлік бағалы қағаздар (шақырту ісін жүргізу) бойынша құқықтарын қалпына келтіру туралы (ҚР АПК 46-тарауы);


16) Қазақстан Республикасының және (немесе) басқа мемлекеттің аумағында экстремизмді немесе террористік әрекетті жүзеге асыратын ұйымды экстремистік немесе террористік деп тану туралы, оның ішінде оның өз атауын өзгерткенін анықтау туралы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағына әкелінетін, онда басып шығарылатын, әзірленетін және (немесе) таратылатын ақпараттық материалдарды экстремистік немесе террористік деп тану туралы (ҚР АПК 47-тарауы);

17) интернет-казиноны, Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын, Қазақстан Республикасының заңдарына қайшы келетін ақпаратты қамтитын шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өнімін заңсыз деп тану туралы (ҚР АПК 48-тарауы);

18) шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының шегінен тыс шығарып жіберу туралы арыздар бойынша (ҚР АПК 49-тарауы).

14 тақырып. Апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізу

Апелляциялық іс жүргізу - бұл бірінші сатыдағы соттың заңды күшіне енбеген шешімін апелляциялық сатыдағы соттың қайта қарауы бойынша сот процесінің кезеңі (ҚР АПК 52-тарауы).





**Апелляциялық шағымды, прокурордың
өтінішхатын беру тәртібі мен мерзімдері**
(ҚР АПК 403 бабы)

Апелляциялық шағым, прокурордың апелляциялық өтінішхаты шешім шығарған сот арқылы беріледі. Тікелей апелляциялық сатыға келіп түскен шағым, прокурордың өтінішхаты, ҚР АПК-тің 27-1-бабының қағидалары бойынша қаралған істер бойынша шешім шығарылған жағдайларды қоспағанда, осы баптың екінші бөлігінің және ҚР АПК-тің 405-бабының талаптарын орындау үшін шешім шығарған сотқа жіберілуге жатады.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты іске қатысатын адамдардың санына қарай көшірмелерімен қоса сотқа беріледі. Қажет болған жағдайларда судья шағым берген немесе өтінішхат келтірген тұлғаны шағымға, прокурордың өтінішхатына қоса берілген жазбаша дәлелдемелердің көшірмелерін іске қатысатын адамдардың санына қарай беруге міндеттей алады.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты, ҚР АПК-те белгіленген жағдайларды қоспағанда, **түпкілікті нысанда шешім шығарылған күннен бастап**, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап **бір ай ішінде беруі мүмкін**.

Апелляциялық шағым беру немесе прокурор өтінішхат келтіру үшін мерзімді қалпына келтіру туралы мәселені бірінші сатыдағы сот ҚР АПК-тің 126-бабында көзделген тәртіппен қарайды.

**АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ ШАҒЫМНЫҢ,
ПРОКУРОР ӨТІНІШХАТЫНЫҢ МАЗМҰНЫ**
(ҚР АПК 404 бабы)

1) апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты жіберілетін соттың атауы;

2) апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын беретін тұлғаның атауы;

3) шағым жасалатын немесе прокурордың апелляциялық өтінішхаты бойынша қайта қаралатын шешім және осы шешімді шығарған соттың атауы;

4) әдетте қолданылуға жататын заңдарға және іс материалдарына сілтеме жасай отырып, сот шешімінің заңсыздығы немесе негізсіздігі неден көрінетіндігіне нұсқау;

5) шағым жасалып отырған немесе прокурордың апелляциялық өтінішхаты бойынша қайта қаралып отырған шешімнің заңдылығын қандай бөлігінде тексеру керек екендігіне және шағымды, прокурордың өтінішхатын беретін тұлғаның қандай өзгерістер енгізуді талап ететініне нұсқау;

6) шағымға, прокурордың өтінішхатына қоса берілетін құжаттардың тізбесі;

7) шағым, прокурордың өтінішхаты берілген күн және шағымды, прокурордың өтінішхатын беретін адамның қолтаңбасы қамтылуға тиіс. Өкіл қол қойған шағымға сенімхат немесе істе мұндай құжат болмаса, өкілдің өкілеттігін куәландыратын өзге де құжат қоса берілуге тиіс.

Апелляциялық шағымда, прокурордың өтінішхатында бірінші сатыдағы сотта мәлімделмеген талаптар болмауға тиіс.



Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты оларды берген адамға мынадай жағдайларда қайтарылады: (ҚР АПК 407 бабының 1 бөлігі)

1) шағымды, прокурордың өтінішхатын қозғаусыз қалдыру туралы ұйғарымдағы судьяның нұсқаулары белгіленген мерзімде

2) шағым берген адам, өтінішхат келтірген прокурор өтінгенде;

3) егер қайта қарау мерзімі өтіп кетсе және шағымда, прокурордың өтінішхатында оны қалпына келтіру туралы арыз болмаса немесе оны қалпына келтіруден бас тартылған кезде;


4) егер шағымды, прокурордың өтінішхатын оларды беруге немесе оларға қол қоюға құқығы жоқ адам берсе.

Апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын қайтару туралы ұйғарымды сот бес жұмыс күнінен кешіктірмей шығарады:

1) 407 баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында көзделген жағдайда – сот белгілеген мерзім өткен күннен бастап;

2) қалған жағдайларда – шағым, прокурордың өтінішхаты келіп түскен күннен бастап.

Апелляциялық шағымды, прокурордың өтінішхатын қайтару туралы ұйғарымға жеке шағым берілуі, прокурор өтінішхат келтіруі мүмкін.




ІСТІ ҚАРАУ БАСТАЛАДЫ:

Сот отырысын ашады және қандай іс, кімнің шағымы немесе наразылығы бойынша және ол қай соттың шешімі қаралатынын жариялаудан.


Іске қатысатын адамдардың және өкілдердің қайсысы келгенін анықтаудан.

Келгендердің жеке басын анықтайды, сондай-ақ лауазымды тұлғалар мен өкілдердің өкілеттіктерін тексеруден



АПЕЛЛЯЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТТЫҢ ӨКІЛЕТТІКТЕРІ (ҚР АПК 424 бабы)





Бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылуға жатады, егер:

1) істі соттың заңсыз құрамы немесе соттылық туралы қағидаларды бұзып қараған;

2) ҚР АПК-тің 133-бабының қағидалары бойынша қаралған істерді қоспағанда, сот істі сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған іске қатысатын адамдардың қайсыбіреуі болмағанда қараған;

3) істі қарау кезінде сот ісін жүргізу тілі туралы қағида бұзылған;

4) сот іске қатысуға тартылмаған адамдардың құқықтары мен міндеттері туралы мәселені шешкен;

5) судья шешімге қол қоймаған немесе істі қарап, шешкен судьядан басқа судья қол қойған кез келген жағдайда.

**Іс апелляциялық тәртіппен қаралғаннан кейін келіп түскен апелляциялық (жеке) шағымды, прокурордың өтінішхатын қарау тәртібі
(ҚР АПК 433 бабы)**

1. Белгіленген мерзімде немесе өткізіп алынған мерзім қалпына келтірілгеннен кейін берілген апелляциялық (жеке) шағым, прокурордың өтінішхаты апелляциялық сатыдағы сотқа іс басқа шағымдар бойынша қаралғаннан кейін келіп түскен жағдайда, сот мұндай шағымды, прокурордың өтінішхатын өзінің іс жүргізуіне қабылдауға міндетті.

2. Апелляциялық (жеке) шағымды, прокурордың өтінішхатын қарау нәтижелері бойынша және негіздер болған кезде апелляциялық сатыдағы сот бұрын шығарылған сот актісінің күшін жояды және келіп түскен шағым, прокурордың өтінішхаты бойынша жаңа қаулы, ұйғарым қабылдайды.

Апелляциялық сатыдағы соттың актілері олар жария етілген күннен бастап заңды күшіне енеді.

Апелляциялық сатыдағы сот мынадай актілерді шығарады:
(ҚР АПК 425 бабы)

1) бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша іс мәні бойынша қаралғаннан кейін жаңа шешім қабылданған жағдайда, ҚР АПК-тің 424-бабы бірінші бөлігінің 1), 2), 3), 5) тармақшаларында, сондай-ақ 6) тармақшасында көзделген жағдайларда **қаулы;**

2) сот шешімінің күші жойылған және бірінші сатыдағы соттың қағидалары бойынша іс мәні бойынша қарау үшін апелляциялық сатыдағы соттың іс жүргізуіне қабылданған жағдайда, ҚР АПК-тің 409-бабының екінші бөлігінде, 424-бабы бірінші бөлігінің 4) тармақшасында, сондай-ақ 6) тармақшасында көзделген жағдайларда, сондай-ақ іс мәні бойынша қаралмаған, сот актісін шығару талап етілетін өзге де жағдайларда ұйғарым шығарады.

15 тақырып. КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТТА ІС ЖҮРГІЗУ

Кассациялық іс жүргізу - бұл бірінші және апелляциялық сатыдағы сот актілерінің заңдылығы мен негізділігін бірінші және апелляциялық сатылардағы сотқа дәлелді себептермен ұсынылмаған талап қою шегінде тексеру.
(ҚР АПК 54 тарау)



**Кассациялық тәртіппен қайта қарауға жататын сот
актілері**
(ҚР АПК 434 - бабы)

1. Жергілікті және басқа соттардың заңды күшіне енген сот актілерін оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталған жағдайда, ҚР АПК-тің 28-1-бабының қағидалары бойынша қаралған істер бойынша шығарылған сот актілерін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты кассациялық тәртіппен қайта қарауы мүмкін.

2. Жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілері оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталмаған жағдайда, сондай-ақ осы баптың екінші бөлігінде көрсетілген істер бойынша сот актілері ҚР АПК-тің 438-бабының алтыншы бөлігінде көзделген негіздер болған кезде Қазақстан Республикасының Жоғарғы Соты Төрағасының ұсынуы және Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша кассациялық

3. Жергілікті және басқа да соттардың заңды күшіне енген сот актілері оларға шағым жасаудың апелляциялық тәртібі сақталмаған жағдайда, осы баптың екінші бөлігінің 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көрсетілген істер бойынша сот актілерін қоспағанда, сондай-ақ осы баптың екінші бөлігінің 5) тармақшасында көрсетілген бірінші және апелляциялық сатылардың сот актілері ҚР АПК-тің 427-бабында көзделген негіздер бойынша Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының наразылығы бойынша кассациялық тәртіппен қайта қаралуы мүмкін.


**Заңды күшіне енген сот
актілеріне өтінішхат беруге,
ұсыным енгізуге, наразылық
келтіруге құқығы бар
тұлғалар
(ҚР АПК 435 бабы)**

ҚР АПК-тің 434-бабының бірінші бөлігінде көзделген сот актілеріне дау айту туралы өтінішхатты **тараптар, іске қатысатын тұлғалар**, сот актілерінде мүдделері қозғалатын басқа да тұлғалар және олардың өкілдері беруі мүмкін.

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының Төрағасы заңды күшіне енген сот актілеріне осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдардың өтінішхаты бойынша ұсыну енгізуге құқылы.

Қазақстан Республикасының Бас Прокуроры заңды күшіне енген сот актілеріне өзінің бастамасы бойынша да, осы Кодекстің 54-бабының екінші бөлігінде көзделген істер бойынша өзіне берілген, осы баптың бірінші бөлігінде аталған адамдардың өтінішхаттары бойынша да наразылық келтіруге құқылы.





**Істер бойынша сот актілері
кассациялық тәртіппен қайта
қарауға жатпайды:**

татуласу келісімімен, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісіммен немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісіммен аяқталған;

берешекті қайта құрылымдау туралы істер, сондай-ақ оңалту рәсімі мен банкроттық рәсімі шеңберінде туындайтын даулар жөніндегі, оның ішінде борышкер немесе ол уәкілеттік берген тұлға жасасқан мәмілелерді жарамсыз деп тану туралы, борышкердің мүлкін қайтару туралы, банкроттықты немесе оңалтуды басқарушының талап қоюлары бойынша дебиторлық берешекті өндіріп алу туралы;

талап қоюдан бас тартуға байланысты аяқталған істер бойынша;

талап қою сомасы екі мың айлық есептік көрсеткіштен кем болған кезде жеке тұлғалардың және талап қою сомасы отыз мың айлық есептік көрсеткіштен кем болған кезде заңды тұлғалардың мүліктік мүдделеріне байланысты;

ҚР АПК-тің 12 және 21-1-тарауларында көзделген оңайлатылған іс жүргізу тәртібімен қаралған.



**КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТТЫҢ
ӨКІЛЕТТІКТЕРІ
(ҚР АПК 451 бабы)**

**ІСТІ ҚАРАП,
СОТ
ҚҰҚЫЛЫ:**


Апелляциялық сатыдағы соттың ұйғарымын, қаулысын – күшінде, ал өтінішхатты немесе наразылықты қанағаттандырусыз қалдырады;


Бірінші сатыдағы сот ұйғарымының, шешімінің, апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымы мен қаулысының күшін толық не бір бөлігінде жояды және істі апелляциялық сатыдағы сотқа жаңадан қарауға жібереді не, егер іс апелляциялық сатыдағы сотта немесе мәні бойынша қаралмаған болса, бірінші сатыдағы сотқа жібереді;

бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттардың шешімінің, қаулысының және ұйғарымының күшін толық не бір бөлігінде жояды және татуласу келісімінің, дауды (жанжалды) медиация тәртібімен реттеу туралы келісімнің немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімнің бекітілуіне байланысты ҚР АПК-тің 277-бабында белгіленген негіздер бойынша іс бойынша іс жүргізуді тоқтатады не ҚР АПК-тің 279-бабының 2), 3), 4), 5), 9) және 10) тармақшаларында көзделген негіздер бойынша арызды қараусыз қалдырады;

апелляциялық сатыдағы сот ұйғарымының, қаулысының күшін жояды және бірінші сатыдағы соттың ұйғарымын, шешімін күшінде қалдырады;

Бірінші немесе апелляциялық сатыдағы соттардың шешімін, ұйғарымын, қаулысын өзгертеді немесе бірінші сатыдағы сот шешімінің, ұйғарымының, қаулысының немесе апелляциялық сатыдағы сот қаулысының, ұйғарымының күшін толық не бір бөлігінде жоя отырып, егер істің мән-жайын бірінші немесе апелляциялық сатыдағы сот толық және дұрыс анықтаған, бірақ материалдық құқық нормаларын қолдануда қателік жіберілген болса, істі жаңадан қарауға жібермей жаңа сот актісін шығарады.






16 тақырып. Атқарушылық іс жүргізу

Атқарушылық іс жүргізу - борышкерден атқарушылық санкциясын, өсімпұлды, атқарушылық іс жүргізу жөніндегі шығыстарды, жеке сот орындаушысының қызметіне ақы төлеуді өндіріп ала отырып, атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шаралар.

Атқарушылық іс жүргізудің міндеттері азаматтық және әкімшілік істер бойынша сот шешімдерінің, ұйғарымдардың, нұсқамалар мен қаулылардың, мүлктік өндіріп алу бөлігінде қылмыстық істер бойынша үкімдер мен қаулылардың, сондай-ақ өзге де органдардың қаулыларының негізінде берілетін атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындатуға бағытталған шараларды міндетті түрде және уақтылы қабылдау болып табылады («Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңның 2-бабы).



Атқарушылық іс жүргізуді қозғаудың құқықтық мәні:

атқарушылық іс жүргізуді қозғау туралы қаулы шығарылғаннан кейін ғана жүзеге асырылады

«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңының 11-бабының 1-тармағына сәйкес сот шешімдері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқару парақтары **3 жыл ішінде мәжбүрлен** орындатуға ұсынылуы мүмкін.

Атқарушылық құжаттарды өндіріп алуға ұсыну мерзімдері есептеледі:

сот бұйрықтары үшін - **берілгеннен кейінгі күннен бастап;**



мүліктік өндіріп алу туралы сот шешімдерінің негізінде берілген атқарушылық парақтар үшін - **сот шешімі заңды күшіне енгеннен кейін келесі күннен бастап;**

қалған атқару парақтары үшін - **ол берілгеннен кейінгі күннен бастап;**

сот шешімін орындау кейінге қалдырылған немесе бөліп - **бөліп төленген жағдайларда-мерзім аяқталған күннен бастап;**

сот актісі дереу орындалуға жататын жағдайларда - **ол шығарылғаннан кейінгі күннен бастап.**





Егер сот орындаушысының атқарушылық іс жүргізу бойынша іс-әрекеттері (әрекетсіздігі) мүмкін болса, прокурор сот орындаушысының іс жүргізуінен атқарушылық құжатты алып қоюға және оны жеке сот орындаушыларының өңірлік палатасына беруге құқылы:

1) адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарына, заңды тұлғалардың, қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтіруге;

2) халықтың тыныс-тіршілігін қамтамасыз ететін мемлекеттік органдардың, мекемелер мен кәсіпорындардың жұмыс істеуіне кедергі жасауға.



Атқарушылық құжаттарды ұсыну мерзімдері
(«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының
мәртебесі туралы» ҚР Заңның 11-бабы)

- сот актілері негізінде берілетін сот бұйрықтары мен атқару парақтары - **үш жыл ішінде**;

- «Астана» халықаралық қаржы орталығы сотының шешімдері негізінде берілетін атқару парақтары – **үш жыл ішінде**;

- төрелік шешімдерді, халықаралық және шетелдік төреліктердің шешімдерін мәжбүрлеп орындату туралы сот ұйғарымы негізінде берілетін атқару парақтары - **үш жыл ішінде**;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы іс бойынша шығарылған сот қаулылары-егер заңда өзге мерзімдер белгіленбесе, **бір жыл ішінде**;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулылары – **бір жыл ішінде**;

- әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауға уәкілетті органның (лауазымды адамның) қаулылары – **бір жыл ішінде**;

- әкімшілік жаза қолдануға уәкілеттік берілген орган (лауазымды адам) берген айыппұл төлеу қажеттігі туралы нұсқамалар - **бір жыл ішінде**;

- қылмыстық теріс қылық және (немесе) қылмыс үшін айыппұл өндіріп алу туралы атқару парақтары үкім заңды күшіне енгеннен кейін орындауға ұсынылуы мүмкін:

қылмыстық теріс қылығы үшін сотталған кезде **бір жыл ішінде;**

ауыр емес қылмыс үшін сотталған кезде **үш жыл ішінде;**

орташа ауырлықтағы қылмыс үшін сотталған кезде **алты жыл ішінде;**

ауыр қылмыс үшін сотталған кезде **он жыл ішінде;**

аса ауыр қылмыс үшін сотталған кезде **он бес жыл ішінде.**

Атқарушылық құжатты орындауға ұсыну мерзімі үзіледі:
(«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» ҚР Заңның 12-бабы)


1) атқару құжатын орындауға ұсыну арқылы;

2) атқарушылық құжатты борышкердің ішінара орындауы, бұл туралы сот орындаушысы атқарушылық құжатқа белгі қояды;

3) борышкерді іздестіру кезеңінде.

Үзілістен кейін мерзімнің өтуі қайтадан басталады, бұл ретте үзіліске дейін өткен уақыт жаңа мерзімге есептеледі.

Атқарушылық құжаттардың орындалуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар мыналар болып табылады:
(«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы»
ҚР Заңның .32 бабы)



Сот орындаушысы орындалмаған жағдайларда шығуға уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға міндетті:

*(«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы»
ҚР Заңның 33 бабы)*

1) атқарушылық құжаттың мерзімді төлемдерді өндіріп алу туралы талаптары үш айдан астам;

2) республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген қырық еселенген айлық есептік көрсеткішке тең не одан асатын сомаға атқарушылық құжаттың талаптары орындалмаған жағдайда борышкер болып табылатын жеке тұлғаның, заңды тұлға басшысының (міндетін атқарушының) Қазақстан Республикасынан шығуын уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға міндетті.

Сот орындаушысы орындалмаған жағдайларда шығуға уақытша шектеу туралы қаулы шығаруға міндетті:

1) жеке тұлғадан екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен астам соманы өндіріп алу туралы;

2) заңды тұлғадан мың екі жүз елу айлық есептік көрсеткіштен астам соманы өндіріп алу туралы;

3) орындау мерзімі өткеннен кейін сот орындаушысы, ал берешек пайда болған жағдайда алименттерді өндіріп алу туралы атқарушылық құжаттар бойынша сотқа борышкерге лицензиялар, рұқсаттар және арнайы құқықтар беруге уақытша тыйым салу туралы, сондай-ақ борышкерге бұрын берілген лицензиялардың, рұқсаттар мен арнайы құқықтардың қолданысын тоқтата тұру туралы ұсыныс жібереді.

Борышкерлердің бірыңғай тізілімін Әділет министрлігі атқарушылық құжаттарды мәжбүрлеп орындату жөніндегі міндеттерді жүзеге асыру үшін қажетті мақсаттарда жүргізеді
(«Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы»
ҚР Заңның 36 бабы)


Атқарушылық іс жүргізу бойынша үш айдан астам мерзімді өндіріп алу туралы берешегі жоқ борышкерлер бойынша, сондай-ақ талап қоюды қамтамасыз ету шараларын қабылдау және олардың күшін жою туралы атқарушылық құжаттар бойынша мәліметтерді қоспағанда, борышкерлердің бірыңғай тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді сот орындаушылары атқарушылық іс жүргізу қозғалғаннан кейін үш жұмыс күні ішінде жібереді.

**Көрсетілген мәліметтер
мыналарды қамтиды:**

1) борышкердің тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) не борышкер ұйымның атауын;

2) атқарушылық құжатты берген органды, берілген күнін және борышкердің орындалмаған міндетінің мазмұнын;

3) өрсетілген мәліметтерді жіберетін сот орындаушысының тегін, атын, әкесінің атын (ол болған жағдайда) және аумақтық бөлімнің атауы мен мекенжайын немесе жеке сот орындаушысы кеңсесінің мекенжайын.



17 тақырып. Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша іс жүргізу.

Шетел азаматы - шетел мемлекетінің азаматтығы бар және Қазақстан Республикасының азаматтығы жоқ тұлға.

Азаматтығы жоқ адамдар - Қазақстан Республикасының азаматтары болып табылмайтын және өзінің басқа мемлекеттің азаматтығына жататынын дәлелдемеген адамдар болып есептеледі.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ СОТТАРЫ ІСТЕРДІ ҚАРАЙДЫ:

Егер жауапкер ұйым Қазақстан Республикасының аумағында болса, шетелдік тұлғалардың

Жауапкер азаматтардың Қазақстан Республикасының аумағында тұрғылықты жері бар

Қазақстан Республикасының соттары сондай-ақ шетелдік тұлғалар қатысатын істерді мынадай жағдайларда қарайды:

1) шетелдік тұлғаның басқару органы, филиалы немесе өкілдігі Қазақстан Республикасының аумағында болады;

2) жауапкердің Қазақстан Республикасының аумағында мүлкі болады;

3) Алименттер өндіріп алу туралы және әке болуды анықтау туралы іс бойынша талап қоюшының Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері болады;

4) асыраушысының мертігуінен, денсаулығының өзге де зақымдануынан немесе қайтыс болуынан келтірілген зиянды Қазақстан Республикасының аумағында өтеу туралы іс бойынша зиян келтірілген немесе талап қоюшының Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері бар;

5) мүлікке келтірілген зиянды өтеу туралы іс бойынша зиянды өтеу туралы талап қоюға негіз болған іс-әрекет немесе өзге де мән-жай Қазақстан Республикасының аумағында орын алған болса, тыйым салынады;

6) талап қою Қазақстан Республикасының аумағында толық немесе ішінара орындалуға тиіс немесе орын алған шарттан туындайды.;


7) талап қою Қазақстан Республикасының аумағында орын алған негізсіз баюдан туындайды;

8) некені бұзу туралы іс бойынша талапкердің Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері болады немесе ерлі-зайыптылардың ең болмағанда біреуі Қазақстан Республикасының азаматы болып табылады;

9) ар-намысын, қадір-қасиетін және іскерлік беделін қорғау туралы іс бойынша талап қоюшының Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері болады;

10) дербес деректер субъектілерінің құқықтарын қорғау туралы, оның ішінде залалдарды және (немесе) моральдық зиянды өтеу туралы іс бойынша талап қоюшының Қазақстан Республикасында тұрғылықты жері болады.





ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АЗАМАТТЫҚ ЗАҢНАМАДАҒЫ СОТ ТАПСЫРМАЛАРЫ

Мемлекеттер арасындағы сот тапсырмалары Қазақстан Республикасының басқа мемлекеттермен жасасқан халықаралық шарттары немесе келісімдері негізінде орындалады.

Қазақстан Республикасының соттары жекелеген іс жүргізу әрекеттерін жүргізу туралы шетелдік соттардың өздеріне берілген тапсырмаларын орындайды:

Тапсырманы орындау Қазақстан Республикасының егемендігіне қайшы келмейді немесе Қазақстан Республикасының қауіпсіздігіне қатер төндірмейді.

Заң бойынша немесе халықаралық шарт бойынша тапсырманы орындау соттың құзыретіне кірмейді (ҚР АПК-нің 476-бабы «Құқықтық көмек туралы тапсырмалар»)


**Мүлікке құқықтарға қатысты
даулар бойынша шет мемлекеттің
соттық иммунитетін қолданбау
(ҚР АПК 487 бабы)**

1) Қазақстан Республикасының аумағындағы жылжымайтын мүлікке өзінің құқықтарына, сондай-ақ осындай мүлікке байланысты өзінің міндеттемелеріне;

2) жылжымайтын мүлікке осы мемлекеттің егемен билігін жүзеге асыруына байланысты емес негіздер бойынша туындайтын өзінің құқықтарына қатысты даулар бойынша соттық иммунитетті Қазақстан Республикасында пайдаланбайды.

**Қазақстан
Республикасында
шетелдік соттардың өз
сипаты бойынша
орындауды талап
етпейтін мынадай
шешімдері танылады:**

- 1) тек сот шешім шығарған мемлекет азаматтарының жеке мәртебесіне қатысты;
- 2) егер некені бұзу сәтінде ерлі-зайыптылардың ең болмаса біреуі Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрса, Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдіктер арасындағы некені бұзу немесе жарамсыз деп тану туралы;
- 3) егер ерлі-зайыптылардың екеуі де некені бұзу сәтінде Қазақстан Республикасынан тыс жерде тұрса, Қазақстан Республикасының азаматтары арасындағы некені бұзу немесе жарамсыз деп тану туралы.



ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Конституциясы 1995 жылғы 30 тамызда (2019 ж. 23.03. өзгерістер мен толықтырулармен)
2. Қазақстан Республикасының азаматтық процестік кодексі 2015 жылғы 31 қазандағы (2022 ж. 01.01. өзгерістер мен толықтырулармен)
3. Альбом схем по гражданскому процессуальному праву Республики Казахстан: учебное пособие /Кусаинова М.Ж., Пилецкая Е.Н.-Костанай:Костанайская академия МВД НР имени Ш.Кабылбаева, 2015 год-79 с.
4. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Краткий курс. Учебное пособие/Нурмашев У, Нурмашева М.,А-Алматы 2012 год-476 с.
5. Гражданское процессуальное право Республики Казахстан. Учебное пособие/Аубакиров А./2019 год-.
6. Урисбаева А.А., Муксинова А.Т. Азаматтық іс жүргізу құқығы: Оқу құралы.- Алматы: Қазақ университеті, 2018.- 132 б.
7. Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік құқығы: Дәрістер курсы бойынша оқу құралы.- Қарағанды, 2017.
8. «Гражданское процессуальное право Республики Казахстан» для студентов специальности 5В030100 – «Юриспруденция». Учебное пособие/ Алтаева М.О., Сардаров Ч.С. -Шымкент: 2018- 304 стр.

МАЗМҰНЫ

КІРІСПЕ	3
№1 тақырып: Азаматтық процестік құқығының пәні, әдісі, жүйесі, салалары. Азаматтық процестік құқығы туралы ғылым.....	4
№2-3 тақырып: Азаматтық процестік құқығының қағидалары. Азаматтық процестік құқықтық қатынастары.	16
№ 4 тақырып: Іске қатысатын адамдар	23
№ 5-6 тақырып: Сотта өкілдік ету. Азаматтық процестегі іс жүргізу мерзімдері мен сот шығындары.	32
№7 тақырып: ВЕДОМСТВОЛЫҚ ЖӘНЕ СОТТЫЛЫҚ.....	49
№8 тақырып: ДӘЛЕЛДЕМЕЛЕР ЖӘНЕ ДӘЛЕЛДЕУ.....	59
№ 9 тақырып: Азаматтық процестегі талаптардың түсінігі, элементтері және түрлері. Талап қоюды ұсыну мен қамтамасыз ету.	66
10-11 тақырып: Істі сот талқылауына дайындау. Сот талқылауы.....	76
12 тақырып. ЕРЕКШЕ ТАЛАП ҚОЮ ІСІН ЖҮРГІЗУ	94
13 тақырып. ЕРЕКШЕ ІС ЖҮРГІЗУ	97
14 тақырып. Апелляциялық сатыдағы сотта іс жүргізу	100
15 тақырып. КАССАЦИЯЛЫҚ САТЫДАҒЫ СОТТА ІС ЖҮРГІЗУ	113
16 тақырып. Атқарушылық іс жүргізу	123
17 тақырып. Шетелдік тұлғалар қатысатын істер бойынша іс жүргізу.	135
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ	142

А.Б. Акылбекова, А.Б. Бузаканова

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ПРОЦЕСТІК ҚҰҚЫҒЫ
БОЙЫНША СЫЗБАЛАР АЛЬБОМЫ
ОҚУ ҚҰРАЛЫ**

ISBN 978-601-80906-3-9



Басуға 22.06.2022. қол қойылды.
Пішіні 60x84 1/16. Көлемі 9 б.т.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс №90



ЖШС "ADAL KITAP"
Алматы қ, Байзақов 90, 205 кеңсе
Телефон: +7 747 155 5680
e-mail: adalkitap@mail.ru